Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 37 (1092)

23.09.2022

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ДІҢГЕК

«НҰР-СҰЛТАН» АСТАНА БОЛЫП ӨЗГЕРДІ

ҚАЗАҚ: «ҚАЙТҚАН МАЛДА БЕРЕКЕ БАР» ДЕП ТӘМСІЛДЕГЕН ҒОЙ. МАҚАЛ-МӘТЕЛДІҢ АСТАРЫНА ҮҢІЛГЕН ЗЕРЕК ЖАН БӘРІН ТҮСІНЕДІ. ЖЕКЕ БАСҚА ТАБЫНУДАН БӨЛЕК ҰЛТ ПЕН ҰЛЫСТАРДАН ГӨРІ ҚАРҒА ТАМЫРЛЫ ҚАЗАҚ АЛДАРЫНА ЖАН САЛМАЙТЫН СИЯҚТЫ СЕЗІЛЕДІ. МҮМКІН ҚАТЕЛЕСКЕНДЕ ШЫҒАРМЫН. БІЗ БІРЕУДІ МАҚТАСАҚ – АСЫРА СІЛТЕП, ДАТТАСАҚ – СЫПЫРА ЖАМАНДАҒАНДА ЖАРДАН ҚҰЛАТЫП ЖІБЕРЕТІН БОЛДЫҚ. ТАҚҚА МІНГЕНДІ ҚҰДАЙДАН ДА ЖОҒАРЫ ҚОЙЫП ЖІБЕРЕТІН ЖАМАН ҚАСИЕТІМІЗ ТАҒЫ БАР.

2019 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев билікті Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа бергенде бұқара халықпен санаспастан «Астана» атауын бір күнде «Нұр-Сұлтан» атауына ауыстыруға бұйрық шықты. Хан жарлығы шығысымен республика аймақтарындағы Алматы, Шымкент, Астана қалалары мен облыс орталықтарындағы көшелердің байырғы атаулары алынып тасталып, Н. Назарбаевтың есімі ойылып жазылған тақтайшалар ілінді. Бұл атауға халық шынында сол кезде наразылықтарын білдірді. Себебі орталық көшелердің көбі «Желтоқсан» көтерілісінде төгілген қанның құрбаны болған боздақтардың, қуғын-сүргін көрген жастардың қанымен келген «Тәуелсіздік» құрметіне берілген көшелер еді. Сонымен қатар қазақтың бас ақыны, қара сөздің данасы аталған Абай Құнанбаев, ғалым Қаныш Сәтпаев және тағы басқа ірі қоғам қайраткерлерінің есімдері себепсіз алынып тасталды. Бұл бір ғана Қасым-Жомарт Тоқаевтың шешімі емес-ті. Оған дейін де Парламент пен Сенатта отырған депутаттар, Елбасының құрметіне бөленгендер, шарапатын көргендер Н.Назарбаев тақтан түспей тұрғанда «Астана» қаласын «Нұрсұлтан Назарбаевқа беру керек» деген бастама көтеріп, халықтың наласына қалған-ды. Қала атауының өзгеруін кезінде Елбасының өзі де қаламаған болатын. Бірақ жағымпаздар «Алматыны Астанға көшірген кім? Шекараңды бекемдеп берген кім? Сор батпаққа әлемдік архитектураға үйлестіріп зәулім қала салған кім? Мемлекетті құрған кім, Нұрсұлтан Назарбаев! Өз қолымен тұрғызған қаланы яғни, Астананы Нұр-Сұлтан деп өзгерту керек» деп бастама көтергендер, қаңтар оқиғасынан кейін халық қол жинап, Астана атауын кері қайтаруды талап еткенде табан тіреп, сұрап алған сөздерінен тайып, халық жаққа аунап шыға келді. Мұндайды қазақ тағы да «Халық теңіз, хан көбік, теңіз толқыса – көбік жағаға шығады» деп айтқан. Медальдің екі жағы болатыны секілді, Елбасы да ет пен сүйектен жаралған пенде. Сіңірген еңбегімен қатар пендеуи тірлігі қатар шығып қалың бұқараның бұрқасына тап болды. Ол кісіге ең ауыр тиетіні, кезінде қатар қызмет жасағандар жағынып, жалпақтай бермей, батыл қадамдарға барып, сіздің халық арасындағы беделіңізге көлеңке түсуде, айналаңызды жемқорлар мен жеке басқа табынушылардан тазалаңыз. Ерте ме, кеш пе тақты босататын сәт туады деп тура жолды көрсетсе болар еді.

Көрсете алмады. Көрсеткендер қуғын-сүргін көрді, атылды, сотталды. Бұл бірлі жарымы ғана. Егер Парламент пен Сенат тізе біріктіріп батыл қадамға барғанда, Алтынбек пен Заманбек атылғанда, Жаңаөзенде ереуілшілдер оққа ұшқанда, Президентке сенімсіздік білдіргенде қаңтар оқиғасы болмайтын еді.

Жалғасы 2-бетте

НЕГЕ?

ЕЛДЕ МЕКТЕП ЖЕТІСПЕЙДІ

Соңғы жылдары «балама мектепте орын жетпей қалды», «үшінші ауысымда оқиды», «алыс мектепте оқиды» деп шырылдайтын ата-аналар көбейген. Себебі елімізде әлі де мектеп жетіспеушілігі бар.Оқу жылының басында «Хабар 24» Алматы облысы Қарасай ауданына қарасты Кемертоған орта мектебіне төрт өңірдің балалары қатынап оқиды деп хабарлаған болатын. 1200 орынға арналған білім ошағындағы оқушы саны 5000-ға жуықтаған. Үш ауысымды мектепте «у» сыныбы ашылып, бірінші сыныптың саны 22-ге дейін жеткен.

Былтырғы жылы үш ауысымды және апаттық жағдайдағы 40 мектептің мәселесі шешілгенімен, әлі де 37 мектеп апаттық жағдайда тұр. Күрделі жөндеуді қажет ететін білім ордаларына қаражат бөлінсе де құрылыс қарқыны өте баяу жүруде. Батыс Қазақстанда күрделі жөндеуден өтіп жатқан 12 мектептің құрылысы жаңа оқу жылына дайын болмай шықса, Өскемендегі Абай атындағы апаттық жағдайдағы мектептің құрылысы оқу жылының қарсаңында ғана басталған. Sputnik.kz ақпараттық сайты 200-ден астам оқушы ата-аналарының келісімімен онлайн форматқа көшкенін хабарлады. Қалған балалар көрші ауылдарға қатынап оқуға тура келеді. Оқу жылының басталуына аз уақыт қалғанда немесе тексеріс келеді дегенде бірақ қозғалып, күз басталса да құрылыс жұмыстары аяқталмай жатқан осындай мектептер саны азаяр емес.

Аз уақытта, шала жасалған жұмыстың сапасы сын көтере ме? Неге барлығын өз уақытымен, сапалы жасамасқа. «AMANAT» партиясының кезектен тыс отырысында мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова биыл елімізде 220 орта білім беру мекемесі пайдалануға беру жоспарланып отырғанын, оның 148-і жыл соңына дейін тапсырылады деген еді. Алайда тек 15 мектеп пайдалануға берілген. Жыл соңына дейін тапсырылуы тиіс мектептердің тек он бесі ғана дайын болса, Мемлекет басшысының 2025 жылдың соңына дейін 1000 мектеп салу туралы тапсырмасының жай-күйі не болмақ. Өркениетті елдер қатарына кірігуді ойлаған шақта балаларымыз қандай мектепке барарын білмейді. Неге?

Айдана СМАҒҰЛ

АҢДАТПА

АРМИЯ — 3-стр.

ИЗМЕНИЛИ ПРАВИЛА ПРОХОЖДЕНИЯ ВОИНСКОЙ СЛУЖБЫ

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ — 4-бет

АЖЫРАСУ АЛАҢДАТЫП ТҰР

БРИФИНГ — 7-бет

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ: АУДАННЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫ ҚАЛАЙ?

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ? — 13-бет

«КӨГІЛДІРЛЕРДІҢ» КІТАБЫ САТЫЛЫМДА ТҰР

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ НАЗАРЫНА!

КӨПБАЛАЛЫ АНАҒА КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕ МЕ?

Жалғыз басты ана Айгүл Қасенова өзінің бес перзентімен бірге сіңлісінің екі, інісінің төрт баласын бағып отыр.

Мұның себебін сұрағанымызда сіңлісі сәтсіз некеде болып қазір өзімен бірге тұратынын, бауырының абақтыда екенін, ал келінінің із-түзсіз жоғалып кеткенін айтады. Қазір Айгүл денсаулығына байланысты жұмыс жасауға жарамсыз. Дәрігерлер «ми кистасы» диагнозын қойған. Сіңлісі Назгүл Қасенова да тоғыз айлық нәрестесімен үйде отыр. Көпбалалы ана мемлекеттен берілетін жәрдемақыға ғана иек артуда.

«Ай сайын 120 мың теңге аламыз. Оның тең жартысы пәтер жалдауға кетеді. Қалғаны азық-түліктен артылмайды. Балаларға киім-кешек алуды мүлде ұмыттық», – деген Айгүл Бауыржанқызы үкіметтен тек өз балалары үшін ғана жәрдемақы алатынын, бауырының төрт баласы үшін ешқандайда көмек берілмейтінін айтады. Жәрдемақы төлену үшін жоғалған келіні табылып, оны заңды түрде ана құқығынан айырған жағдайда ғана балаларына көмек берілмек.

Өз сөзінде ол күн көрісінің төмендігіне орай дәл қазіргі таңда бауырының балаларын асырай алмайтынын және оларды балалар үйіне тапсырғысы келетіндігін де тілге тиек етті. Дегенмен бұл үшін арнайы сот шешімін күту қажет. Қазіргі таңда мемлекеттен берілетін жәрдемақыдан басқа ешқандай көмек ала алмай отырған Айгүл ханым өзінің мәселесін айтып Талдықорған қалалық әкімдігіне жүгінгенінде ондағылар бес тонна көмір түсіріп берумен ғана шектеліп, онымен қоса «көмек керек болса мешіттен сұра» деп сонда жібергендерін айтып назданды. Дей тұрғанмен мұң-мұқтажын айтып барған анаға Талдықорған қаласына қарасты «Еркін» мешітіндегілер барынша көмек қолын созып, жалға тұрып жатқан пәтерінің бес айлық ақысын төлеп, азық түлікпен қамтамасыз еткен.

Көпбалалы ананың жанайқайына аса құлық таныта қоймаған қалалық әкімдіктегілерден Айгүл Бауыржанқызы баспанаға кезекте тұрған тізімнің неге жылжып кете беретінін сұрағанында оған да мардымсыз жауап айтқан.

Оның сөзінше үш жыл бұрынғы баспана бойынша кезекте 781-ші болып тұрса, одан кейін тағы барып білгенінде кезек 801-ге бірақ жылжып кеткен.

Бұл туралы нақты мәліметті білмек болып Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөліміне хабарластық. Аталмыш бөлімнің қызметкері Айдос Молдашұлы былай деді: *«Барлық құжаттың цифрлық форматқа көшуіне орай қазіргі таңда кезектер жылжып кетіп жатыр. Соңғы енгізілген адамдар алдыңғы қатарға шығып кеткен. Уақыт өте барлығы түзеледі. Ал азаматша Айгүл Қасенованың дәл қазіргі уақыттағы кезек саны 715-ші болып тіркеліп тұр».*

Үш жылдан аса уақыт баспана тауқыметін тартып келетін көпбалалы ана – Айгүл Қасенованың үніне Талдықорған қаласы әкімі Әсет МАСАБАЕВ құлақ түрер деген үміттеміз.

Айдана СМАҒҰЛ

ДІҢГЕК

«НҰР-СҰЛТАН» АСТАНА БОЛЫП ӨЗГЕРДІ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Елбасы да халық алдында кешірім сұрап абыройын сақтап қалуға болар еді. «Болары болып, бояуы сіңді» кімнің жақын, кімнің жау екенін зейнеткер Нұрағам да таразылап пайымдап, қай жерден қателік жібергенін зерделеп, кітап жазып жатқан шығар. Менің айтайын дегенім Елбасы жайлы емес. Соған қызмет жасаған жалпақ шешей жағымпаздар жәдігөйлер жайлы. Мұны мен ғана айтып отырғаным жоқ, ғаламтор желілері мен БАҚ өкілдерінің бәрі айтып, жазып отырған тақырып.

Бұқаралық ақпарат құралдары мен блогерлер Астана атауын Нұр-Сұлтанға ауыстыру туралы бастама көтерген депутаттар мен қоғам қайраткерлері, ақын-жазушыларға «Сіз кезінде Астананы Нұр-Сұлтанға ауыстыруға әбден лайық деген едіңіз. Енді бұл қылығыңызға ұялмайсыз ба?» деген сауалға, кезінде саясат солай болды. Енді халық қаламай тұрса, оған да құлақ түру керек. Өйткені «Жаңа Қазақстан» құрып жатырмыз. Елдің үнін еститін мемлекет болуға талпынып жатырмыз деп «суға кеткен тал қармайдының» кебін жасап жүр.

2 қыркүйекте Мәжілістегі «Жаңа Қазақстан» депутаттық тобының мүшелері Елордаға Астана атауын қайтару туралы бастама көтерді. Бұл бастаманы депутаттар өздігінен көтерген жоқ. Қоғамдағы халық арасында алуан түрлі пікірлер, соның бір тармағы Астананың бұрынғы атауын кері қайтару болған. «Халық қаласа хан түйесін сояды» демекші, 17 қыркүйекте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Нұр-Сұлтан қаласын Астана деп өзерту туралы жарлыққа қол қойды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ҚАУІПСІЗДІК

ОРМАН ӨРТІНЕ ЖОЛ БЕРЕМЕЙІК

ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫСЫНДА ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ – БІРІНШІ КЕЗЕКТЕГІ МӘСЕЛЕ.

Орман шаруашылықтарының барлығында орманды өрттен қорғау жоспары болады. Жоспарда орманның түрі, ортаның рельефі, су, теміржол, автомобиль жолдарының жақындығы ескеріледі. Орман шаруашылығын өрттен қорғаудың сызбасы жасалады. Өртке қауіпті орман өсімдіктеріне қарағайлы, жапырақты ағаштар, қыналар, ит бүлдіргендер, аршалар жатады. Орман өрттерінің өзі бірнеше түрлерге бөлінеді. Олар: төселе жанатын, шарпи жанатын және дауылды өрттер. Әр өрттің жану жолы әртүрлі деңгейде қарастырылады. Орман өрттерінің алдын алу шараларының ең маңыздысы – қолдан жасалған өртті азайту.

Өрттің шығуына бірден бір себеп адамдардың демалыс орындарында, орман алқаптарында өрт қауіпсіздігін сақтамау. Ендеше, табиғат берген байлықты сақтап, орман қорын қорғап, өсімін молайтуға көпшілік болып атсалысуымыз абзал.

Кәрімсейіт ТОЛЫМБЕКОВ,
Жоңғар орман шаруашылығы коммуналдық ММ-ң орман күтушісі.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

УКАЗ ПРЕЗИДЕНТА

ПРЕОБРАЗОВАЛ АППАРАТ ВЕРХОВНОГО СУДА

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев преобразовал аппарат Верховного суда, передает корреспондент агентства КазТАГ.

«Преобразовать государственное учреждение «Департамент по обеспечению деятельности судов при Верховном суде Республики Казахстан (аппарат Верховного суда Республики Казахстан)» с территориальными подразделениями (администраторами судов) в областях, столице и городах республиканского значения в государственное учреждение *«Судебная администрация Республики Казахстан»* (далее – Судебная администрация) *с территориальными подразделениями в областях, столице и городах республиканского значения»,* – говорится в указе Токаева.

Согласно документу, «Судебная администрация является уполномоченным государственным органом в сфере судебного администрирования, осуществляющим организационно-правовое, информационно-аналитическое и материально-техническое обеспечение деятельности Верховного суда Республики Казахстан, местных и других судов».

Верховному суду и правительству поручено в течение трех месяцев внести на рассмотрение Токаева проект положения о Судебной администрации.

Указ главы государства уже введен в действие.

АРМИЯ

ИЗМЕНИЛИ ПРАВИЛА ПРОХОЖДЕНИЯ ВОИНСКОЙ СЛУЖБЫ

УКАЗОМ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА ОТ 18 АВГУСТА 2022 ГОДА ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ В ПРАВИЛА ПРОХОЖДЕНИЯ ВОИНСКОЙ СЛУЖБЫ В ВООРУЖЕННЫХ СИЛАХ, ДРУГИХ ВОЙСКАХ И ВОИНСКИХ ФОРМИРОВАНИЯХ РК, СООБЩАЕТ ZAKON.KZ.

В частности, поправки касаются исчисления сроков воинской службы, назначения на воинские должности, понижения в должности, присвоения званий, увольнения с воинской службы.

Так, говорится, что для поступивших на воинскую службу по контракту днем поступления будет считаться день издания приказа командира воинской части (учреждения) о зачислении в списки воинской части, а в Службе государственной охраны РК – день издания приказа по личному составу.

Днем окончания воинской службы считается день исключения из списков воинской части (учреждения) в связи с увольнением с воинской службы (окончанием воинских сборов), а также переводом в специальные государственные и правоохранительные органы республики, оформляемого приказом командира воинской части (учреждения), за исключением Службы государственной охраны РК, где увольнение оформляется приказом первого руководителя.

Также говорится, что в срок воинской службы военнослужащему не засчитываются период времени, на который он самовольно оставил воинскую часть или место воинской службы (воинских сборов), а также время отбывания уголовного или административного наказания в виде ареста.

Указывается, что началом периода самовольного оставления воинской части или места воинской службы является время фактического оставления военнослужащим расположения воинской части или места службы, а равно необоснованное неприбытие его в установленный срок к месту воинской службы, окончанием – время явки самого военнослужащего в воинскую часть, органы военного управления или правоохранительные органы либо время его задержания.

Предусматривается, что общая продолжительность воинской службы (выслуга лет) военнослужащего включает в себя все время его воинской службы как по призыву, так и по контракту, а также время прохождения воинских сборов.

Общая продолжительность воинской службы исчисляется как в календарном, так и льготном исчислении в порядке, установленном законодательством РК.

Контракт о прохождении воинской службы заключается в добровольном порядке гражданином РК с уполномоченным должностным лицом в письменном виде по типовой форме, утверждаемой Министром обороны РК по согласованию с первыми руководителями уполномоченных органов.

РАСШИРЕННОЕ СОВЕЩАНИЕ МИНИСТЕРСТВА ОБОРОНЫ

В АЛМАТЫ ПРОШЛО РАСШИРЕННОЕ СОВЕЩАНИЕ МИНИСТЕРСТВА ОБОРОНЫ. В ВОЕННОМ ИНСТИТУТЕ СУХОПУТНЫХ ВОЙСК ПОД РУКОВОДСТВОМ МИНИСТРА ОБОРОНЫ ГЕНЕРАЛ-ПОЛКОВНИКА РУСЛАНА ЖАКСЫЛЫКОВА ПРОВЕДЕНО СОВЕЩАНИЕ, В ХОДЕ КОТОРОГО ДО РУКОВОДЯЩЕГО СОСТАВА ВООРУЖЕННЫХ СИЛ БЫЛИ ДОВЕДЕНЫ ОСНОВНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ ПОСЛАНИЯ ПРЕЗИДЕНТА ОТ 1 СЕНТЯБРЯ 2022 ГОДА, А ТАКЖЕ РАССМОТРЕНЫ ВОПРОСЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ВОЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ И ПОВЫШЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО УРОВНЯ КОМАНДИРОВ ВОИНСКИХ ЧАСТЕЙ, ПЕРЕДАЕТ ДЕЛОВОЙ КАЗАХСТАН, DKNEWS.KZ.

В расширенном совещании приняли участие руководство Министерства обороны, главнокомандующие видами Вооруженных сил, командующие войсками региональных командований и родов войск, командиры воинских частей и начальники военных учебных заведений.

Министром обороны бы-ло отмечено, что инициированные Президентом реформы по модернизации важных сфер жизнедеятельности государства, поддержке подрастающего поколения, здравоохранения и образования, социальной помощи населению, а также усилению мер по обеспечению общественной безопасности, значительно улучшат качество жизни всех казахстанцев.

Кроме того, внеся предложения по изменению порядка выборов Президента и Парламента, Глава государства еще раз на деле показал свою приверженность начатым реформам по демократизации управления страной, построению справедливого Казахстана с равными возможностями для каждого.

В ходе рассмотрения вопросов совершенствования военного образования генерал-полковник Руслан Жаксылыков отметил необходимость учета в процессе подготовки военных кадров геополитической обстановки, а также особенностей тактических действий войск и применения вооружения и военной техники в современных вооруженных конфликтах.

В завершение расширенного совещания были подведены итоги сборов командиров воинских частей. В течение трех дней с командирами были проведены занятия по оперативной подготовке и организации всестороннего обеспечения боевых действий в свете современных реалий. Кроме того, участниками сборов были сданы зачеты по выполнению тактических задач, по огневой и физической подготовке. Министр обороны подчеркнул необходимость постоянного повышения профессионального уровня командиров, которые должны стремиться к самосовершенствованию, а также быть для своих подчиненных примером во всех отношениях.

ЗНАЙ НАШИХ!

НАГРАЖДЕНА ОРДЕНОМ «ЗА ВЕРНОСТЬ ДЕЛУ»

ПРЕДСЕДАТЕЛЬ КОМИТЕТА ФИНАНСОВОГО СЕКТОРА ПРЕЗИДИУМА НПП РК «АТАМЕКЕН», ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ПРАВЛЕНИЯ АО «НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАН» УМУТ ШАЯХМЕТОВА НАГРАЖДЕНА ОРДЕНОМ «ЗА ВЕРНОСТЬ ДЕЛУ»,- ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ.

Решение принято членами Президиума НПП РК «Атамекен». Под председательством Умут Шаяхметовой банк в 2018 году из собственных средств выделил более 5 млрд тенге на поддержку женского предпринимательства. Благодаря чему почти 500 женщин воспользовались льготными кредитами банка под 5%. Банк выделили миллиард тенге в рамках собственной программы по поддержке женского предпринимательства.

В 2022 году Народный банк один из первых откликнулся на призыв НПП «Атамекен» и помог пострадавшим во время январских событий предпринимателям заявив об отсрочке платежей по кредитам и отмене штрафов по кредитам в период ЧС, выдал безвозмездные гранты на общую сумму 400 млн тенге и выплатил 3 млрд тенге в Фонд «Казахстан Халкына».

Также руководство и коллектив банка поддержали семьи пострадавших военных выплатив им 95 млн тенге и закрыв кредиты родственникам погибших на общую сумму более 20 млрд тенге.

Кроме того, банк один из первых отреагировал на лесные пожары в Костанайской области. Народный банк закрыл все кредиты владельцам 103 сгоревших домов и выплатили каждому по 1 млн тенге.

Высокую социальную значимость банка сложно переоценить: достаточно отметить, что АО «Народный банк Казахстана» является крупнейшим платежным агентом по выплатам пенсий и социальных пособий, обслуживающим более 2,5 млн клиентов.

На регулярной банк занимается благотворительной деятельностью, ежегодный объем которой превышает десятки млрд тенге.

На сегодняшний день АО «Народный банк Казахстана» является банком номер один в республике, занимая лидирующие позиции по ряду финансовых показателей.

Ш. ХАМИТОВ.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

– Сенбе дос өз сөзінде тұрмағанға,
Махаббат жалған десе бұл заманда.
Махаббат болмаса егер, дала кезіп,
Ләйлі үшін, сорлап Мәжнүн жындана ма, –
не деген тұнық сезім. Махаббатқа деген адалдық. Жүрегінің қалауына қолы жетпей, сүйгені үшін дала кезіп, жынданып кеткен Мәжнүннің өмірі үлкен трагедия. Махаббаты үшін басын құрбандыққа шалған ғашықтар тарихта аз емес-ті.

АЖЫРАСУ АЛАҢДАТЫП ТҰР

Ал, бүгінгі қоғамдағы махаббат неге машақатқа айналды. Неге жүрек қалауымен өліп-өшіп қосылған қос ғашық екіге айырылған өзендей екі тарапқа кетіп жүр. Балапанын шұбыртқан маза қаздай сот табалдырығын жағалап жүрген жас отбасылардың қатары көбеймесе азайып жатқан жоқ. Жас түгілі, орта жастағы жанұялардың шаңырақтары шайқалып жатқанын естігенде төбе шашың тік тұрады. Бел орта жасқа келгенде дүние-

мүліктерін бөлісіп, соттасып жүрген егде жастағыларға қайсы бір абырой дейсің. Ол, ол ма, шариғат жолымен үйленеміз деп мешітке барып бұлқан-талқан болып, ажырасып жатқандарды қайда қоямыз. Бұл тойып секіру емей немене?! Дін жолымен некелесудің жолы осы екен деп айды аспанға шығарып жүргендердің кераағар ісі кімге күлкі, кімге түрпі? Мешітке барып неке қидырып жүрген жастар мұсылмандық жолдан неге адасты. Бар гәп осында. Шариғат жолымен некесін қидырар сәтте қыздың күйеуінен талап ететін «мәхр» деген сұранысы болады. Бұл қазақтың әдеп-ғұрпында жоқ. Арабтан келген шариғат жолы және ол дүниемен өлшенеді екен. Алтын ба, киім бе, көлік әлде басқадай зат болуы мүмкін. Осыны күйеуі алып беруге міндетті. Мұндайды жағдайы көтерсе жарынан ешкім де ештеңе аямайтын шығар. Бірақ екі тарап та дәулетті бола тұра жарының қалағанын әперуден бас тартып, некені бұзып, күйеу жігіттің шарт кетуін немен түсіндіреміз. Демек үйленгенге дейін жастар бір-бірін толық зерттемеген. Өмірдің бұралаң жолына дайындықсыз шыға салған. Немесе тұрмыс құрып тұрған қыздың ашкөздігі, күйеу жігіттің көңілін қалдырғаны, жүрегін жаралағаны деп пайымдауға болатын шығар. Ғаламтор желісінде мешітке барып неке қидырған екі жастың оқиғасы таралуда. Онда сүйікті жары мәхрге ең қымбат «Хаммер» автокөлігін сұрапты. Ал жігіт болса ең қымбат көлік сұрағанда үнсіз орнынан тұрып шорт кесіп, той болмайды депті де артына бұрылмай кетіп қалыпты. Қыздың жанындағы досы «ойнап айттым» деген сөзіне «Құдайдың үйінде ойнайтын қатын керек емес» деп шорт кесіпті. Мұнда екі ортада тойға шашылған шеше еңіреп тұр. Күйеу жақтағы құдағимен хабарласса «*Балам бет бақтырмайды. Біз өзіміз жаққа да той болмайтынын хабарладық. Баламыз Астанаға кетіп қалды.* (жігіт Астанада жұмыс істейді) *Қызыңыз өзінен көрсін», –* депті. Қыз ойнап айтты ма, жоқ ойындағысын айтты ма оны бір Құдай ғана біледі. Алайда той болады деп екі жақ құдаласып, ала шапқын болып ел-жұртқа жариялап қойғанда бұл келеңсіз оқиға болды. Жанбай жатып сөнген сезім, машақатқа айналған махаббатқа таңқалуға болмайды. Ұзатылмай жатып жерге қарап қалған қыздың анасы болашақ күйеу баласымен бірге той қамымен жүргенде кездейсоқ ұшырасқанда, бірбеткейлеу жігіт екенін байқап қалғанын айтады. *«Мисыз қыздың барынан – жоғы. Ел-жұртқа масқара болдым. Қалталы, ақылды күйеуді құдай берудей-ақ беріп еді, қыз ақымақ болса қиын екен», – деп тойдың болмайтынын айтты. Кенжесі болған соң бетінен қақпай өсіріп еді, байдан қайтқаннан ауыр жайтқа ұшырағанын айтсаңшы... Тойдың болмай қалуы. Некеге отырып мынадай күйге ұшырау деген жақсы емес әрине. Арабтың салтын сонша әспеттегеннен не шықты енді? Қай күні ғана «инкрузиске баратынымды естіп, осы қыздан аман-есен құтылсам сізбен бірге саяхатқа шығам» деп мәз боп тұр еді. Тәрбие көрмеген дейін десең әке-шешесі зиялы жандар. Екі қыз, екі ұлын үйлендірген, жағдайы жақсы, ағайын-туғанға сыйлы, жайқалған әулет. Мисыз қызды қойшы, шешесіне жаным ашып отыр. Қыз 25 жасқа толғанда екі ағасы мен әкесі салоннан «Ланд Крузер» автокөлігін сыйлаған. Қазір жасы 28-де. Мисыз болам десе, жасқа қарамайды екен. Күйеу баланың өзі де жол талғамайтын көлікпен жүрген. Сырға саларда гауһар тасты сырға мен сақина салғанда аузымыз ашылып қалған. Астанада жер үйі, коттедж, үлкен кәсібі бар дейді, –* деген ақпаратты таратушы анасын жұбатуға сөз таппай тұрғанын айтыпты. Материал Сая Қасымбектің «Facebook» парақшасынан алынды.

Әлеуметтік желіде талқыланып жатқан мәселеге қатысты дін өкілдері де жауапсыз қалмаған. «*Біріншіден, бұл өкінішке орай қыз тәрбиесін жіберіп алғанымыздың көрінісі. Екіншіден, жігіттің өз эмоциясын басқара алмауы», –* депті. Әйтпесе имамдар неке қию рәсімінде қызға мәхр сұрамас бұрын жігіттің жағдайын ескеру қажеттігін айтып-ақ келеді. Бұл мәселеге қатысты қабылдаған пәтуа үкімінде осы жайт ескерілген дейді. Ал мына жағдайда имам пәтуа жайлы қызға ескерту айтты ма, айтпады ма оны екінші тарап айтпай, біз біле алмаймыз. Егер ескертіліп, оны қыз елемей, аузын апандай ашамын деп дүниеқоңыздығын көрсетіп алса кімге өкпелейді. Екі тарап та дәулетті. Қыздың анасының айтуынша, «Құдай дәулетті күйеу бала беріп еді» деп өзегін өртеген өкініштен аһ ұрады.

Мешітке барған тағы бір жас жұбайдың бірі мәхрге автокөлік сұраған. Күйеу жігіт қыздың өтінішін орындап, көлігін алып беріп, үйленуден бас тартып «осы қымбат дүниені араныңды ашып сұрамасаң да сенде бәрі болатын еді ғой» деп айтты деген имамның сөзі ғаламторда жүр.

Енді бір мешіттерде мәхрге қатысты басқа пікірді көзіміз шалды. Нұрбол Ханағат деген азамат: «Өткенде бір ініміздің неке қию сәтіне куә болғанын айтады. Молда тиісті рәсім, дұғаларын жасаған соң мәхрге қатысты жас келінге «Өз өтінішіңізді күйеуіңізге жеке кезде айтасыз. Дүниенің үлкен-кішісі жоқ. Тек ниет етіп сұра. Ал күйеу жігіт оны өзінің мүмкіндігі қашан болады, сол кезде орындау қажет. Оның жағдайы он жылдан кейін немесе ертең бола ма, қай кезде болсын сонда орындасаң болғаны депті. Жалпы қазақта қалың мал, өлі-тірісі, ананың ақ сүті дегендер ғана болған еді ғой. Ал, «мәхр» деген қайдан шыққан? Бізге қай діндар әкелді дейді.

Жасыратыны жоқ, бүгінгі қоғам бай-байға, сай-сайға бұрып тұрған заман. Дәулетті жанұялар, өздері секілді жермен құда болғысы келеді. Үйлену тойлардың көбі дүниемен өлшенетін болды. Қыздың төсек орнына не әкеліпті, қалың малына қанша беріпті деген гу-гу әңгіме өрбіп жатады. Ал сол дәулеттілердің жанұя болып жымдасып кеткені некен-саяқ шығар. Тіпті, алысқа бармай-ақ қоялық, Президенттің баласы көрші мемлекеттегі мемлекет басшысының қызына үйленіп қақ жарылғанын бүкіл ел біледі. Бұл мысқыл емес. Ащы шындық. «Суретші, суретші дегенге сақалын бояпты» демекші, арабтың жолымен жүреміз

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

деп жүректерін жаралап алған қаншама отбасы ойран болды. Жат ағымның жетегінде кеткендер әйел шығарып, әйел алып жүр. Обал-сауап дегеніңіз әдірем қалған. Бұл бір ғана шариғатқа қатысты мәселе емес. Шаңырақ көтерген жастардың дәм-тұздары жараспай бір-бірімен алакөз болып жүруі, екі ортада шырылдаған сәбилердің психологиялық соққы алуы жаңбырдан кейін қаулаған саңырауқұлақтай көбейіп бара жатқаны алаңдатады. «Ақыш таздың амалы-ай» демекші, Қазақстанда соңғы жылдары ажырасу көбейді деп дабыл қағылуда. Тіпті әлеуметтік көмек алу үшін жалған ажырасушылар пайда болғанын бір кездері желіден оқып, «Астапыралла» деп жағамызды ұстағамбыз. Мәселен, Қазақстанда соңғы екі жылда ажырасқандар саны 4%-ға артса, 2017 жылы бұл көрсеткіш 39%, 2019 жылы 43%-ға жетсе, 2020 жылы некеге тұру 128 838, болса ажырасу – 22 513, 2021 жылы некеге тұру 140 256 болса, ажырасу –19 280 болған. Бұл ақпаратты үш жыл бұрын қазіргі ҚР Президентінің Әкімшілігі басшысының орынбасары Аида Балаева, Ақпарат және қоғамдық даму министрі болып тұрғанда «Отбасы мен бала институтын қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаға қарамастан елде ажырасушылар саны артуда» деп дабыл қаққан болатын. Қазақстанда некелескендердің жартысынан көбі ажырасады. Қазіргі қоғамның дамуымен қатар отбасылық құндылықтар құлдырап барады. Жаһанданудың жұтқыныншағында жұтылып кеткен жаңа қоғамның жастары отбасын ойрандаудан алдарына жан салмай тұр. Отбасының тірегі саналатын ер де, шаңырақтың шырақшысы әйел де жауапкершілікті жете сезінбеуде. Есесіне алимент даулап, сот табалдырығын тоздырып жүрген жандардардың қарасы қалың. Оны төлеуден қашып жүрген әкелер де, қағынан жеріген құландай құйғытып жүр. «Алимент – әке болмайды» деп бағдарлама түсіріп, үгіт-насихат жүргізіп, ажырасуға арыз бергендердің ісін екі-үш ай тежеп, «Жақсылап ойланыңдар, бала-шағаларың бар» деп татуластырып жатқан сот жүйесі де жастардың отбасын құраудағы жеңіл-желпі әрекеттеріне таңданыстарын жасырмайды. Үйлену оңай, үй болу қиын екенін шаңырақ көтерген жастар пайымдай бермейді. Олар тұрмыстағы тауқыметке шыдамайды. Көбіне дайын үй, жеке көлік, болуын қалайды. Қол ұстасып жүріп қиындықты бірлесіп жеңіп, өмірдің ащы-тұщысын тартқылары келмейді. Тіпті, дәулетті, сәулетті баспаналарда тұрған жанұялардың да шаңырақтары шайқалып жатады. Демек, махаббат дүние-мүлікке қызмет етпейді. Біздің ата-апаларымыз арабтанбай-ақ, мәхр-сәхрге қарамай-ақ қол ұстасып, пәтерден-пәтерге көшіп, қуықтай баспанада ағайын-туыстың балаларын оқытып, сезімдеріне селкеу түсірмеген еді. Олар дүние-мүлікті өз қолдарымен жинап алған-ды. Қазіргі тұрмысқа шыққан қыздың артынан баратын төсек орнын көрсеңіз көздің жауын алады. Тіпті, жас жұбайларға баспана да сыйлап жатады. Бұл дегеніңіз дайын асқа, тік қасық салумен бірдей. Қазақстанда әр сағат сайын алты неке бұзылады екен. Бұл да сарапшылардың дерегі. Ажырасудан әлемде алдыңғы ондыққа кіріппіз. Өткен жылы елімізде 22,5 отбасының шаңырағы шайқалған. Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде Ranking.kz мамандары дайындаған есепке жүгінсек, 2020 жылы Қазақстанда 128,8 мың неке қиылған, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 7,6 пайызға аз. Ал бір жыл ішінде ішінде ажырасқан отбасылар саны 22,5 мыңға жеткен. 2019 жылы елімізде 59,8 мың неке бұзылғанын алға тартқан сарапшылар, пандемия елімізгі ажырасулар санын айтарлықтай азайтты дейді. Алай-да соңғы онжылдықтың көрсеткіші көңіл көншітпейді. БҰҰ-ның Қазақстандағы халықтың қоныстану саласындағы қорының қолдауымен (ЮНФПА) жүргізілген зерттеу қорытындысына сүйенсек, 2000-2018 жылдар аралығында Қазақстанда ажырасқандар саны орта есеппен екі есеге артқан. Барлық өңірде тіпті, қазақы тәрбиенің қаймағы бұзылмаған ауылдардың өзінде шайқалған шаңырақтар саны артыпты. Мәселен, неке бұзу деректерінің саны Шығыс Қазақстан облысында 1,3 есе, Алматы облысында 2,8 есе көбейген. Сарапшылардың дабыл қағуы көңілді алаңдатады. Нақты фактілерге жүгінсек, 2000 жылы елдегі ажырасулар саны барлық неке санының 30 пайызы болса, 2018 жылы бұл көрсеткіш 40 пайызға дейін көтерілген. Егер мұндай динамика сақталса, алдағы уақытта әрбір үшінші неке ажырасумен аяқталады», – делінген зерттеуде. Ұлттық статистика бюросының дерегінше, өткен жылы шаңырақ шаттығы жиі бұзылған өңірлер арасында Алматы қаласы көш бастаған (3 мың), одан кейінгі орында – Алматы облысы (2,5 мың) және Қарағанды облысы (2,2 мың). Бір жыл ішінде некеге тұру санының айтарлықтай төмендеуі Шымкентте (17 пайызға азайған), сондай-ақ, Солтүстік Қазақстанда (14,9 пайыз) және Қостанай облысында (14 пайыз) байқалды. Неке құрған жұптар саны тек Қызылорда облысында өскен, оның өзінде 1 пайызға ғана екен. Ал, Алматы облысы бойынша бір ғана Талдықорған қаласында



2020 жылы отау құрғандар саны – 1364 адам болса, ажырасушылардың саны 314-ке жеткен. Бір қарағанда бұл төмен көрсеткіш болғанмен бір жылда 314 отбасының бүлінуі, шаңырақтың шайқалуы жақсы нысан емес. 2021 жылы некеге тұрғандар – 1516, ажырасқандар саны – 247 болса, биылғы жылы қаңтар айынан тамыздың 31-не дейінгі көрсеткіш бойынша 937 жас шаңырақ көтеріп, соның 152-і ажырасқан. Осы үш жылғы көрсеткішті алып қарайтын болсақ, әрбір ажырасқан отбасылардың араларында қанша бала тағдыры тұрғанын көруге болады. Ажырасушылар өз бас мүдделерінен гөрі кіндіктерінен өрбіген балалардың тағдырына аса мән бермейтіні айқын байқалады.

Сонау сұрапыл соғыс жылдарында жесір әйел, жетім бала, қан майданнан аяқ-қолсыз мүгедек болып келген жандар туралы жазылған бір поэма ойға оралып тұр.

«*Әкесі жоқтар қарайды, әкесі барға жәутеңдеп,*

Күйеуі жоқтар қарайды күйеуі барға ұрлана» деген жыр жолдарын мысал етуге болады. Алимент өндіртіп, балаларын әкесіз тәрбиелеп жатқан әйелдер балаларының ойнап немесе басқа бір жиын ортада әкесі бар балаларға жәутеңдеп қарайтынын олар сезбейді емес, сезеді. Бұл жерде ажырасушыларды кінәлап та отырған жоқпыз. Отбасының татулығы, береке-бірлігі ауадай қажет-ақ. Ауыздары ішімдіктен босамайтын, болмаса тапқан таянғанын құмар ойындарына салып жіберетін, аяқ-қолдары балғадай, тепсетемір үзетін еркектердің әйелінің мойнына мініп алып жұмыс жоқ деп жататыны және жарларына себепті-себепсіз қол көтеріп, зорлық-зомбылық көрсететіндері бар. Мұндай әпербаққандардан баланы аулақ алып кеткен де дұрыс. Алайда өмірдің қиындығына шыдамай, ыдыс-аяқ кішкене сыңғырласа буыны-түйініп төркініне қашатын жұбайлары қазіргі ата-аналар «ішіме сыйған балам сыртыма да сыяды» деп қызғыштай қорып жүргендеріне не айтуға болады. Олар «кімнен ағардың, сонымен қараясың, үйден шыққан қыз шиден тысқары, балаларыңды бағыңдар, азып-тозбаңдар» деп жөнге салып отырса құба-құп дерсің-ау.

Талдықорған қаласының үш жылғы көрсеткішін көрсеттік, енді Алматы облысы бойынша сегіз айлық көрсеткішке зер салып көрініз. Ажырасу фактісі бойынша Алматы облысы соттарының қарауында 6585 іс тіркелген. Аяқталған істер саны 4828 оның ішінде 2984 іс бойынша сот шешімі шығарылған. 2975 талап арыз қанағаттандырылған, 9 іс кері қайтарылған. 926 іс қараусыз қалдырылып, 823-і медиация тәртібімен аяқталған. Бүгінгі күні соттардың қарау сатысында 1285 іс тіркелген. Демек, жыл аяғына дейін ажырасуға талап арыз беретіндердің саны әлі артады. Жоғарыда айтылғандай әр минут сайын заңды некелердің бұзылу фактісі қарқын алуда. Бір мақалада екі бірдей тақырып қамтылуда. Бірі тұрмыс құратын аруларың қосағынан мәхрге сұраған затынан опық жеп, отау құрмай жатып ажырасып жатса, екіншісі шаңырақ құрған жас жұбайлардың ажырасулары көбейіп бара жатқаны қоғамды да, үкіметті де алаңдатып отырғанын айтудамыз. Қол ұстасып өмірге бірге қадам басып, өмірге ұрпақ әкелгеннен кейін мехнатын да екеулеп көтерген абзал. Ол жанұядағы балалары үшін де үлкен мектеп, тәлім-тәрбие. Ажырасқандар екінші мәрте үй болып, тұрмыс құрып жатады. Бірақ біреудің баласы, біреуге бала болуы қиын. Бала болған соң оның еркелігі, бұзықтығы болады. Ондайды, өгей әке мен шеше

көтере білмейді. Нұқиды болмаса қатты жазалайды. Баласын нұқып жатқан соң шешесі араға килігеді. Әзілге айналып кеткен мына әңгімені де айта кетейік. Ажырасқан еркек пен әйел бір-бірімен табысыпты. Өздерімен ере келген еркектің бір баласы және әйелдің де бір баласы болыпты. Үйленген соң екеуінен өмірге келген бір сәби де өсіп, үш бала далада ойнап жүріп төбелеспей ме... Бір мезетте шыңғырған дауысты естіп әйел терезеден қарап, күйеуіне: «*Ананы қара сенің балаң мен менің балам жабылып, біздің баланы ұрып жатыр*» депті. Көрдіңіз бе күлкілі әңгіме болса да астарында шырылдаған шындық жатыр. Тағы да ұрыс-жанжал, бала-шағасын шұбыртып екінші-үшінші мәрте ажырасып жатқандарды көгілдір экран екі күннің бірінде көрсетіп жатыр. Көмек сұрап болмаса алимент төлемей қашып жүр деп, ақпарат құралдарына жүгініп жүрген отбасылар қаншама. Біреудің таяғын жегізгенше, балаларымды қиналсамда жалғыз асырап отырмын. Басымда баспана жоқ, пәтерден-пәтерге көшіп жүрмін деп үлкен қалаларды жаға-дап жүрген жесірлердің санына жете алмайсың. Үш рет тұрмыс құрған бір келіншектің айтқан әңгімесі құлағымнан кетпейді. «Менің тағдырымды балаларым да қайталады. Қызым да, балам да екі мәрте ажырасты. О, бастағы қабылдаған шешімім дұрыс болмапты. Бұларда менен көргенін жасап жүр» деп егілгенін көріп, тәрбиенің тал бесіктен басталатынына тағы бір мәрте көз жеткізген едік. Өмір болған соң түрлі тағдырлар болады. Әйтсе де отбасы деген нәзік жіпті үзбей, балаларды әке-шешесінен айырмай бір шаңырақта қатықсыз, қара су ішсеңде бірге бағып-қаққанға не жетсін. Қолда барды бағалап, жоқты көктен іздеп шарлап кетпей, тиыннан теңге құрап, бірінің киімін біріне кигізіп, он шақты баланы бағып-қаққан байырғы әкелер мен аналардың қадыр-қасиеті кеміп қалған жоқ қой. «Ой, ол заман басқа, бұл заман басқа деушілер табылар. Заман өзгерген жоқ қалпында, мұнда адам ниеті өзгерді. Қанағатшылдықты ұмыттық. Қазіргі балалар бірінің кигенін екіншісі кимейді дейтін болдық. Бұл қате ұғым. «Қыбын тапқан құмырсқаны тағалайды» демекші, жаңа шаңырақ көтерген отағасы мен отанасы әуелі өздерін тәрбие алаңынан өткізіп, сонан соң бала өмірге келгеннен кейін оны жәудіретпей толық тәрбие берсе, бала кезінен көргенін ер жеткенде өзі істейді. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген тәмсілді қазақ тектен-тек айтпаған шығар.

«Менің тағдырымды балаларымда қайталады» деген келіншектің екіншісін қайда қоясыз. Қазіргі қоғамда жастар тұрмақ, егде жастағы жандардың ұлын ұяға, қызын қияға қондырғанда ажырасып жатқанын судьялар айтып отыр. Міне, қанағатшылдықтың жоқтығынан қарызға белшелерінен батып, несие рәсімдеп, той-томалақ жасап, оны өтей алмай қырғи-қабақ болғандардың трагедиясы. Қанағатсыздықтан мешітке шариғат жолы-мен неке қиюға барған екі жастың яғни, болашақ жарының үй болмай жатып мәхрге көлік, баспана, соңғы үлгідегі ұялы телефон сұрап, одан жігіт үркіп, екеуі екі жаққа кетіп жатқаны, кетіп қана қоймай, ғаламтор желісінде әңгімеге арқау болғанын көрмейсіз бе?!

Отбасы дүние-мүліктен құралмайды. Отбасы ауызбірліктен және баланың шат күлкісінен құралады. Дүние-мүлік екі тарап тату болса, өз еңбектерімен табылады. Ата-ананың берген мүлкі ол салт-дәстүрдің жолы. Ажырасу ерге де, әйелге де абырой әпермейді. Сыр елінде халық ақыны Әбділда Жүргенбаев деген көп әйел алған жыршы өткен. Осы кісінің бірінші әйелімен кеткен Талғат деген баласы қартайғанда әйелсіз қалған әкесіне келіп, «Мен үйленетін болдым, анама барыңыз» депті. «Ойбай қайтып барам, жасымда сері болдым, көп әйел алдым, ол мені кіргізе ме?» десе, сіз барыңыз, мен сөйлесіп қойдым деген ғой. Содан ол бірінші жарына барып, «жаздым, жаңылдым, бала үйленетін болдым қайта қосылайық» депті. Басында бұлқан-талқан болған әйелі қайта қосылыпты. Әбілдіданың құрдастары: «Әй, Әбділда, сен небір сұлу әйелдерді алдың, мынауың не? Қартайғанда мыжырайған кемпірді алып келіпсің десе, Әбділда ақын «Алғашқысы шекер, қалғаны бекер екен» депті. Сол Әбділда жыршы айтқандай, алғашқы жарларыңнан айырылмаңдаршы, айналайын жас жұбайлар.

Айтақын МҰХАМАДИ

Дүйсенбі - Понедельник, 26 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.05«Жәдігер»
06.25 «Күй-керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 02.45 AQPARAT
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00, 03.20 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Бақыттың кілті»
14.10 «Апта»
15.15 «Құрдым» арнайы жоба
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15 «Қызық екен...»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Бауырлар»
23.20 «1001 түн» қоғамдық бағдарлама
00.35 Футбол

ХАБАР

05.00 «Кім мықты?-2»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті»
10.35 М/с «Мишки-братишки. Снова вместе»
11.00, 20.00 «Келінжан-4»
12.00, 21.00 Т/х «Көзімді жұмсам да...»
14.00 «АйнаLine»
15.00 Мегахит «Грабитель банков»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
23.00 Сериал «Вторая жизнь Евы»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Жетім жүрек-2»
11.10 Т/х «Ене»
11.50, 23.50 «Күн мен ханзада»
13.40 «Жұрттың балалары»
14.50, 01.30 Сериал «Условия контракта-2»
16.00 Т/х «Мариям»
17.00 «Жұмбақтаймс»
17.40 «Кішкентай келін»
19.15,02.45 Т/х «Ангел хранитель»
20.00 «Astana Times»
21.00 Т/х «Дастан»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 Сериал «Мы объявляем вам войну»
10.50 «На самом деле»
14.00, 02.55 Новости
14.15, 03.10 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 04.10 Басты жаңалықтар
19.00, 03.25 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Душегубы»
01.05 Х/ф «Мосгаз.Дело№8. Западня»
02. 00 Сериал «Гибель империи»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.20 «Жимаудың жетістігі»
08.50 «Подсолнух»
10.40 «Тихие люди»
14.30 Х/ф «На твоей стороне-2»
16.30, 02.30 «Зәкира»
17.30 Т/х «Құпия қобдиша»
18.55 Док.фильм
19.30, 04.10 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.25 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 Х/ф «Упертый»
23.40 Х/ф «Пересуд»
01.50 «Испытание-2»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
11.50 Инфо-блок
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Ай мен күн» телехикаясы
14.30 «Спорт-тайм», инфо-блок
14.40 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Қасиетті Қонаев»
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 «QR.kz»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости Область Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
06.30, 05.00 «Ризамын»
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.00 Сериал «ХАНШАЙЫМ»
10.00 Мультсериал
10.00,11.10 Сериал «Сеня-Федя»
12.10 Кино «Человек паук-3»
15.20 Кино «Капитан саблезуб и сокровища лама Рима»
17.30 Х/ф «Алита: боевой ангел»
20.00 «Информбюро»
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Х/ф «Идеальный побег»
01.00 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What s upp
02.30 «БАЗАРБАЕВТАР»
03.40 «1001 әзіл»
04.00 Balla Battle

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдық»
07.00, 01.40 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08.00,12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
09.00, 17.30 Т/с «Женский доктор»
10.10, 19.30 Сериал «Чужие грехи»
13.40 «Ата-ана.Бала-шаға»
14.10 Сериал «Измайловский парк»
15.20, 00.40 «Гадалка»
16.30, 23.40 «Обычная женщина»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
21.30 «Boss әйел»
22.40 «Отыңды өшірме»
02.40 «Жайдарман»
03.40 Т/х «Япырай»

Сейсенбі - Вторник, 27 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.35 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 01.40 AQPARAT
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Бақыттың кілті»
14.10, 17.15 «Қызық екен»
15.15, 03.05 «Ауылдастар»
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.40 «Сана»
02.15 «Өмір көктем»

ХАБАР

05.00 «Тихая застава»
07.00 «Оян!»
10.00 «Уәде»
10.35 Мультсериал
11.00, 20.00 Т/х «Келінжан-4»
12.00, 21.00 Т/х «Көзімді жұмсам да
14.00 «АйнаLine»
15.00, 23.00 Сериал «Вторая жизнь Евы»
17.00 «Бегом за деньгами»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/ф «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Жетім жүрек-2»
11.10 Т/х «Ене»
11.50, 23.50 «Күн мен ханзада»
13.40 «Айтарым бар»
14.50, 01.45 Сериал «Условия контракта-2»
16.00 Т/х «Мариям»
17.00 «Жұмбақ таймс»
17.40 Т/х «Кішкентай келін»
19.15, 02.45 Т/х «Ангел хранитель»
20.00 «Астана таймс»
21.00 Т/х «Дастан»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00, 02.55 Сериал «И все-таки я люблю...»
13.00 «Городские шпионы»
14.10 «Новости»
14.20 «Жаңалықтар»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.45 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Т/с «Душегубы»
01.05 Т/с «Мосгаз.ДелоNº8. Западня»
02.00 «Гибель империи»
04.10 «Той заказ»

КТК

07.05, 04.10 «КТК қоржынынан»
07.20,19.30, 03.40 Кешкі жаңалықтар
07.50 Т/х «Жат туыстар»
09.30, 21.00 Вечерние новости
10.10, 23.00 «Пересуд»
12.20, 21.40Сериал «Упертый»
14.10 «Королева бандитов»
16.30, 02.10 «Зәкира»
17.30 Т/х «Құпия қобдиша»
18.55 Док.фильм
20.00, 02.55 Астарлы ақиқат
01.20 Сериал «Испытание-2»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Қазақ үні»
11.30 «QR.kz»
11.55 Инфо-блок
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 «Спорт-тайм», инфо-блок
14.40 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир
18.45 «Әсем әуен»
19.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости Область Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 20.00 «Информбюро»
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.00 Сериал «Ханшайым»
10.00, 10.30 Мультфильм
11.20, 12.30 Сериал «Сеня-Федя»
13.30 Х/ф «Капитан саблезуб и сокровища лама Рима»
15.40 Х/ф «Идельный побег»
17.50 Х/ф «Все или ничего»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Х/ф «По долгу службы»
01.00 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What s upp?
02.30 Сериал «Базарбаевтар»
03.10 Әзіл студио
03.40 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдық»
07.00, 01.40Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08.00, 12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
09.00, 17.30 Т/с «Женский доктор»
10.10 Т/с «Чужие грехи»
13.40 Т/х «Ата-ан.Бала-шаға»
14.10, 21.30 «Босс әйел»
15.20, 00.40 «Гадалка»
16.30, 23.40 «Обычная женщина»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
19.30 Сериал «Скорая помощь»
22.40 Т/х «Отыңды өшірме»
02.40 «Жайдарман»
03.40 Т/х «Япырай»

Сәрсенбі - Среда, 28 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Бақыттың кілті»
14.10 Деректі фильм
15.15,03.00 «Ауылдастар»
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15 «Қызық екен...»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Телехикая «Бауырлар»
23.20 «1001 түн» қоғамдық бағдарламасы
00.35 «Сана»
02.10 «Өмір көктем»

ХАБАР

05.00 «Балканский рубеж»
07.00 Тікелей эфирде «Оян»
10.00 «В фокусе»
10.30 Мультсериал
11.00, 20.00 «Келінжан-4»
12.00, 21.00 Т/х «Көзімді жұмсам да...»
14.00 «АйнаLine»
15.00, 23.00 Сериал «Вторая жизнь Евы»
17.00 «Бегом за деньгами»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.55 «Жетім жүрек-2»
11.10 Т/х «Ене»
11.50, 23.50 «Күн мен ханзада»
13.40 «Айтарым бар»
14.50, 01.45 Сериал «Условия контракта-2»
16.00 «Мариям» т/х
17.00 «Жұмбақ таймс»
17.40 Т/х «Кішкентай келін»
19.15, 02.45 Т/х «Ангел хранитель»
20.00 «Астана таймс»
21.00 Т/х «Дастан»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 14.20 «Жаңалықтар»
06.10, 19.00 «Көреміз»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00,02.55 Сериал «И все-таки я люблю»
13.00 Мелодрама «Гоородские шпионы»
14.10 «Новости»
14.30 «Кослайк»
18.30, 03.45 «Басты жаңалықтар»
20.00 «Главные новости»
20.35 Сериал «Уцелевшие»
01.05 Ночной кинотеатр «Мосгаз.Дело№8.Западня»
02.00 «Гибель империи»
04.10 «Той заказ»

КТК

07.05, 07.10 «КТК қоржынынан»
07.20,19.30, 03.40 Кешкі жаңалықтар
07.50 Т/х «Жат туыстар»
08.15, 02.20 Мелодрама «Испытание-2»
09.30, 21.00 Вечерние новости
10.10, 23.00 Мелодрама «Пересуд
12.10, 21.40 «Упертый»
13.30 «Королева бандитов»
16.30, 02.10 Т/х «Зәкира»
17.30 «Құпия қобдиша»
18.55 Док.фильм
20.00, 02.55 «Астарлы ақиқат»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
11.30 «Бүгінгі дін»
11.50 Инфо-блок
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Сегодня»
14.10 «Спорт-тайм», инфо-блок
14.15 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «Мамандық маңызы»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости Область Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 20.00 «Информбюро»
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.00 Сериал «ХАНШАЙЫМ»
10.00, 10.20 Мультсериал
10.50, 11.50 «Сеня-Федя»
15.20 Х/ф «По долгу службы»
17.30 Х/ф «Вспомнить все»
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Кино «Широко шагая-2:расплата»
01.00 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What's up?
02.30 Сериал «Базарбаевтар»
03.10 « Әзіл студио»
03.40 «1001 әзіл»
04.00 «Bala batlle»
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
07.00, 01.40 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08.00, 12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
09.00, 17.30 Сериал «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР»
10.00, 19.30 Сериал «ужие грехи»
13.40 Т/х «Ата-ана.Бала-шаға»
14.10, 21.30 Сериал «Босс әйел»
15.20, 00.40«ГАДАЛКА»
16.30, 23.40 Сериал «Обычная женщина»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
22.40 «Отыңды өшірме»
02.40 «Жайдарман»
03.40 Телехикая «ЯПЫРАЙ»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БРИФИНГ

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ: Ауданның дайындығы қалай?

ҚЫЛЫШЫН СҮЙРЕТІП КЕЛЕТІН ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗДАН БАСТАП ОЙЛАП, ЕРТЕ ҚАМДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР. ӘСІРЕСЕ, ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРІМІЗДІҢ ЖЫЛЫ ӘРІ ЖАЙЛЫ, КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ САПАЛЫ БОЛУЫНА ЖІТІ КӨҢІЛ БӨЛІНУІ КЕРЕК. БИЫЛҒЫ ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ ДАЙЫН? БҰЛ ТӨҢІРЕКТЕ ЖУРНАЛИСТЕР ҮЙІНДЕ ӨТКЕН БРИФИНГТЕ АУДАН ӘКІМІ ЕЛДОС АХМЕТОВ БАЯН ЕТТІ.

Брифинг барысында аудан басшысы жылыту маусымына дайындық жұмыстарын ғана емес, газдандыру мәселесін де тілге тиек етті.

Баяндамашының сөзінше, аудан орталығы Қарабұлақ ауылында екі орталық қазандық бар. Оның біреуі орталық газ қазандығы, екіншісі Мелькомбинат шағын ауданында орналасқан кіші қазандық.

2022-2023 жылдағы жылыту маусымына аудан бойынша 36 көп қабатты тұрғын үй мен 85 бюджеттік сала нысандары кірікітірілген. Бюджеттік мекемелерге жылыту маусымына – 454 483 литр сұйық отын толық жеткізілген. Оның ішінде: мәдениет саласына – 17 800 литр, сұйық отын білім саласына – бюджет қаражаты есебінен 134 млн. 763 мың. теңге бөлініп, 436 683 литр сұйық отын аудан мектептеріне жеткізілген.

Баяндамада белгілі болғандай бюджеттік мекемелерге жылыту маусымына 2180 тонна қатты отын қажет, жеткізілгені 1926 тонна (88%), оның ішінде: білім саласы бойынша балабақшаларға 7 млн. 760, 0 мың теңгеге 485 тонна көмір, бастауыш мектептерге 1 млн. 263 мың.теңгеге 76 тонна қатты отын толық жеткізіліпті. Сонымен қатар денсаулық сақтау саласына 585 тонна қатты отын (20 млн. 319 мың. теңге) мәдениет саласына 660 тонна қатты отынға қаражат бөлініп (6 млн. 660 мың теңге) жеткізілген.

Ал, ауылдық әкімдік ғимараттарына 93 тонна көмір қажет болса, күні бүгінге 54 тонна көмір жеткізіліпті, қалғаны қыркүйек айының соңына дейін алынады деп жоспарланған.

Коммуналдық қазандықтарға қатты отын жоспары – Мелькомбинатта орналасқан кіші қазандыққа 282 тонна көмір қажет. Қазіргі уақытта 76 тонна сатып алынса, қалған көмір қараша айында 206 тонна сатып алынбақшы.

«Аудан тұрғындарына 2022-2023 жылдардағы жылыту маусымына шамамен 66 676 тонна қатты отын қажет. Ауданда көмір сатуға арналған бір тұйық бар. Бұл тұйықта «Сауда Көмір» ЖШС-нің «Семей» маркалы көмірі сатылымға қойылды. Сатылатын көмірдің бағасы 14 800 теңге. Аудан тұрғындары ауданда орналасқан тұйықтан ғана емес, сонымен бірге Талдықорған және Текелі қалаларынан да көмір сатып алуда. Қатты отынды уақтылы алу туралы хабарламалар аудандық газетке және әлеуметтік желісінде жариялануда. Бұл мәселе тұрақты бақылауға алынған», – дейді аудан әкімі Елдос Тұрсынбайұлы.

Аудан басшысының сөзінше аймақта көмір тапшылығы жоқ. Өңірде аудан тұрғындары 35 мың тоннадан астам көмір сатып алған. Тұйықта 700 тонна көмір бар.

Баяндамашы өз сөзінде газдандыру мәселесі туралы да айтып өтті. Аудандағы 33 елді мекеннің 28-і газдандыруға жатса, былтыр Қарабұлақ ауылына 1,498 млрд. теңге көлемінде газ тартылыпты. Биыл Шымыр, Жетісу, Жастар, Жаңалық, Абай, Өтенай, Ешкіөлмес ауылдарына көгілдір отынды жеткізу үшін 7 жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде екен.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

КЕЗДЕСУ

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ БІЛДІРДІ

Талдықорған гарнизонының әскери прокуроры Ғалымжан Омарұлы Төребаев гарнизондағы әскери бөлімдердің командирлерімен, Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауын түсіндіру мақсатында кездесу өтті.

Өз жолдауында Мемлекет басшысы «Азамат – бизнес – мемлекет» арасындағы қатынасты түбегейлі өзгертеміз. Мемлекет, ең алдымен, бәріне бірдей мүмкіндік беріп, әділдік орнатады. Қоғам игілігіне арналған қызмет деңгейі жоғары болуына кепілдік береді, әлеуметтік жағынан әлсіз топтағы азаматтарға қолдау көрсетеді» дей келе, реформалардың нақты бағыттарын да атап өтті.

Біздің алдымызда айрықша міндет тұр. Бұл – еліміздің егемендігін және жерімiздің тұтастығын сақтап қалу. Елдігімізді қорғаудың ең басты жолы – берекелі бірлік. Бұдан басқа жол жоқ. Ел бірлігі қашанда ең басты құндылық саналған. Қазір оның өзектілігі арта түсті. *«Халқымыз татулық пен тұрақтылыққа ерекше мән берген. Оны бәрінен биік қойған. Біз дәл осы кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білуіміз керек»*, – деді Президент халыққа жолдауында.

Кездесу барысында жолдауда айтылған басты мәселелер қызу талқыланып, алға қойылған мақсаттарды орындау және қол астындағы әскерилерге жеткізу жөнінде айтылды.

Баян АКРЕМЖАНОВА,
Талдықорған гарнизоны әскери прокуратурасының аға прокуроры әділет майоры.

ЖОБА АЯСЫНДА

«БЕРІК ОТБАСЫН» ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНІҢ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРЫ МЕН КУРАТОРЛАРЫ ТӨРТІНШІ ЖЫЛ ҚАТАРЫНАН «БЕРІК ОТБАСЫ» АТТЫ ЖОБАНЫ ЖҮРГІЗІП КЕЛЕДІ.

«Берік отбасы» – UNODC бастамасымен жүзеге асырылған халықаралық жоба (БҰҰ Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасы). 35-тен астам елде аталмыш жобаның табыстылығы дәлелденген.

«UNODC жасөспірімдер үшін қауіпсіз және қолайлы орта құруға, қауіпті және қоғамға жат мінез-құлық үлгілерінің алдын алуға және отбасылық құндылықтарды құрметтеуге мүдделі», – дейді мектеп психологтары.

NIS психологтары мен кураторларын әлемнің жетекші университеттерінің бірі Оксфорд Брукс университетінің өкілдері арнайы тренингте оқытты.

Төрт жыл ішінде Талдықорған НЗМ-де 150-ден астам жасөспірім отбасы мен олардың ата-аналары бір-біріне деген сенім мен түсіністікті нығайтты.

Тренингтің жеті бөлімі әрбір адамның өміріндегі ең маңызды құндылықтар мен проблемаларға отбасылық құндылықтарды қалай сақтауға, армандарға жетуге, стрессті басқаруға, қысымға қарсы тұруға, жақсы мінез-құлықты ынталандыруға арналған.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

Сен әкелген жаз

Мен Адинамен қаладағы жекелік емханада таныстым.

Алғаш барғанда сырқатым салмақтылау еді.

Асханада қатарласа тізіліп тамақтанып отырған ер-әйелі аралас науқастардың ешбіріне мән бергенім жоқ. Алдымдағы тамағымды жартылай жеп, төр жаққа бір көз салғанымда, маған аяй қарап отырған мөп-мөлдір қоңыр жанар ғана есімде қалыпты.

Бір аптаға жуық созылған емнен кейін есімді тез жинадым. Аяғымнан тұрған соң емхананың спорт залынан шықпайтын болдым, қашан да қолым босай қалса қара терге түсіп, жаттығу жасаймын. Бокс қолғабын киіп, ауыр аспа дорбаны соққылаймын. Зілдей темірлерді көтеріп, шағын алаңды айнала жүгіремін. Солығымды басқан соң, салқын бассейнге бір сүңгіп шығып, жеңіл киініп алып палатама көтерілемін. Алғашқы апта осылай өте шықты.

Өзге емханалар сияқты емес, мұнда тәртіп басқа. Укол-дәрі беріліп, ем аяқтаған соң түрлі психологиялық-терапиялық сабақтар өтеді. Әр науқастың жағдайына қарай, түрлі міндеттер беріледі. Күніне жарты сағат екі қа-баттық емхананың тазалық жұмыстарына да қатысуың керек. Аптасына екі рет қарағың келмесе де адамды мезі қылатын психологиялық фильмдер көрсетеді. Аяқталғанша соңына дейін отыруың міндет. Сондай өзгешеліктеріне қарамай мұнда қалталы адамдар көп емделеді екен.

Мен болсам, басқамен жұмысым жоқ, дәрігерден өзгелердің кісімсіп бұйырғанын, қоқиланғанын елеген де емеспін. Кесек, тәкаппар жүрісіме қарап сыртымнан тісін қайрағанымен, ешкім де тура келіп айтқанын орындата алмайды. Әсіресе, қазағы болсын, басқасы болсын, өзге тілде сөйлегендерді көрсем кірпідей жиырыламын.

Сөйтіп жүргенде, емхана асханасында маған аяй қараған мөп-мөлдір жанардың, аяулы жанның есімі Адина екенін білдім. Шешесі украин. Ерте қайтыс болған әкесінің кім екенін өзі білмейді немесе айтқысы келмейді. Сол үшін оны барлығы «Украинка» атап кеткен.

Онымен алғаш тілдесуім бір жайсыз сәтке тура келді.

Емделушілердің ішінде ұлты қазақ болса да арғы тарихы жұмбақ, күйектей сақалы бар, тақырбас біреу болды. Ірі денелі, бір өзі үш адамның тамағын жейді. Әсіресе, түскі ас кезінде асханада кім көрінгеннің дәмді асына ортақтасып жүретін. Кішілік мінез көрсетіп, сұрап алу, әдеп-иба сақтау деген атымен жоқ, баса-көктеп келеді де, асап жеп кете береді. Алғаш кездескеннен-ақ екеуміздің жұлдызымыз мүлде қарсы екенін байқадым. Ол да сезді.

Түскі астан кейін көбісі ұйқыға кететін. Мен күндегі әдетімше спорт залда қара терге түсіп, жаттығу жасап жүріп, абайсызда әлгі сақалдының «құйрығын басып» алдым. Ауыр аспа дорбаны шыр айнала, оңды-солды соққылап жүргенмін. Арт жағымнан өтіп бара жатқан оған шынтағым тиіп кетіп, әжептәуір сөзге келіп қалдық.

Сол ашумен жоғары көтеріліп келе жатқанымда қарсы алдымнан Адина кездесіп қалды. Қолында әлденелер жазылған бір парақ қағаз.

– Сізді іздеп таппай жүр едім, – деді орысшалап.

– Маған ештеңенің керегі жоқ! – деп қолымды бір сілтеп өте бердім.

Палатама келіп, жуынып алып, сәл демалдым да астыңғы қабатқа түссем, қаз-қатар кітаптар тізілген сөренің қасындағы орындықта Адина отыр екен. Қолында англиялық әйел жазушы Шарлотта Бронтенің «Джен Эйр» романы. Маған ренішті жүзбен жаратпай бір қарады да кітабын оқи берді.

Оқи отырыңыз: Борхестің новеллалары

Күнделікті тәртіп бойынша емнен кейін психологиялық-емдік сабақтар басталды. Одан кейін түрлі мәдени отырыстарға жалғасады. Бұрынғы әдетім бойынша, көңілім қаласа барамын, қаламаса өз алдыма жүремін. Көбінесе палатада жатып алып, Мұхтар Мағауинның, Редьярд Киплингтің кітаптарын парақтаймын. Емханадағы тәртіпке жауаптылар түрлі амал қолданса да мені дегеніне көндіре алмай-ақ қойды. Кеудемді өр, басымды шалқақ ұстап тәкаппар қалпымда жүре бердім.

Бір күні кешқұрым өзіммен өзім, жападан-жалғыз ауыр ой үстінде отыр едім, жас жігіт келіп, емхана әкімшілігі шақыратынын айтты. «Тағы не айтар екен» деген оймен астыға түссем, оңаша бөлмеде емхананың тәртіптік жауаптысы мен Адина екеуі отыр екен. Адымдай басып, алшаңдаған жүрісімнен ұққан Адина жанары жәудірей ығысып, қасынан орын берді.

– Отырыңыз, – деді әкімшілік басшысы, – бұл Адина деген украин қыз. Жасы он тоғызда. Бізде емделгелі ұзақ болды. Бұл қыздың қазақ тілін үйренгісі келеді. Ыңғайлы адамның реті келмей жүр еді, сіз келіп сәті түскендей. Енді екеуіңізді әр сабақта қатар отырғызамыз. Сіз оған қазақ тілін үйретіңіз, өзі де құр жаяу емес. Ол сізге орыс тілін үйретеді. Бір-біріңізді толықтап, көмектесіп жүріңіздер. Мұнда ер адамдар көп, еріккен жігіттер оған соқтығып жатса, қорған бола жүріңіз. Ол да сіз сияқты кітапқұмар. Тіл табысып кетеді деп үміттенемін...

Адина маған ұнатпай, қырын көзбен қарады. Мойылдай көздерінде маған деген өкпенің ізі анық көрінеді. Оның мен жайында «алкеуде, өзіне ұнамаған пенде баласын көзіне де ілмейтін, өзіне ғана сенетін тәкаппар біреу» деп қарайтынын анық білемін.

Орындығымыз жақын болғанымен, алғашқы сабақтарда бір-бірімізден алыс отырып, суық сөйлесіп жүрдік. Спорт залдан қара тер болып келген сайын оның кітап сөресі маңында жалғыз отырғанын көремін. Өзім гүл өсіруге құмар едім. Бүкіл екі қабатқа, кітапхана мен терезелер алдына егілген елу шақты гүлдердің біраздан бері қараусыз қалғанын көріп, шағын темір шелекке су толтырып алып, жағалай суарып жүргенмін. Үстіңгі қабаттағы баспалдақ шетіндегі жұмсақ орындықта кітап оқып отырған Адина қасыма келді. Менен мұндай нәзіктік күтпесе керек.

– О-о-о. Сіз де гүл өсіруді жақсы көресіз бе? Қандай керемет! Гүлдерді жаны сүйетін ер адамды тұңғыш көруім, – деді жүзі бал-бұл жанып.

– Иә, гүлдерді жақсы көремін. Сен де әдемі бір шоқ гүлсің, – дедім әзілдеген болып. Әзілім онша керемет болмағанын өзім де сезіп тұрмын. Бірақ оған жаққан сияқты.

Сол кезде байқадым, жылы сөз естісе жүзі өзгеше нұрланып, құлпырып кетеді екен. Қаз-қатар тізілген гүлдердің атын сұрай бастады. Голландтық үлгімен будандастырылған жыланқияқ гүлінің түсін ұнатпады. Таудың шұбар жыланына ұқсап қалатын осынау тұқым маған да ұнамайтын.

Қарғалдақ пен еменгүлдің түбін босатып, су құйдым. Оған қатар тұрған, атын өзім де білмейтін, бойшаң, әдемі жапырақты гүлді кішкентай алақандарымен сипалай ұстап:

– Мына гүл маған сондай ұнады. Аты қалай?

– Мен де нақты атауын білмеймін. Бұл гүлдің аты қазірден бастап Адина болсын. Саған арнадым. Күнде баптап, бірге суарып тұрайық, – деп едім, жас балаша қуанып, оң иығымнан құшақтай алды да, іле-шала ұялып қалды.

Сол сәттен бастап екеуміз татуласып кеттік. Тамаққа, сейілге бірге шығып жүрдік. Дегенмен, менің ұйыған отбасым, балаларым бар. Ол басы болғанымен менен жиырма жас кіші. Бойыма жастайымнан сіңген тәрбиеден, адамдық һәм неке тұрғысынан алғанда, маған шекара аттауға болмайды.

Бір қалыппен сырғыған күндер өтіп жатты. Бұрын да аздап сөйлейтін ол менен гөрі ол қазақ тілін тез үйрене бастады. Әрнені сұраудан бір жалықпайды. Бос уақытының бәрін кітап оқып, сурет салумен, қоңыр тысты қалың дәптеріне әлденелерді жазумен өткізеді.

Түстен кейінгі демалыс уақытында астыңғы қабатқа түссем, шағын кітап сөресінің жанындағы үстел басында отыр екен. Алды қобыраған қалың қағаз. Қасына барып отырдым. Қалың қағаздар арасында Мария Барыкованың «Тайна семейного архива» (Отбасының құпия архиві) деген кітабынан үзінділер жазып отыр. Дүниежүзілік екінші соғыс, Гитлердің қуатты армиясы, аласапыран дүние, қан мен өрттің ортасында көктеп шыққан ұлы махаббат жайлы біраз әңгімелер айтып берді.

Күнделік дәптеріне қарасам, жазулары тізілген жаһұт маржандай көркем екен. Әр бір әрпі мені өзіне тартып барады. Қобыраған шаштарын жинап, маған мейірлене қарап қояды. Мұнда емделушілер көп болғанымен, кітапханаға келетіндер сирек.

– Сіз де мен сияқты кітапты көп оқиды екенсіз, – деді Адина, қалам ұстаған оң қолымен жағын таянып. – Кітапты көп оқитындардан жаман адам шықпайды. Осы кейбір адамдар мүлде оқымай, кітап бетін ашпай, қалай өмір сүретініне таң қаламын.

– Иә. Маған кітапқұмарлық бастауыш мектепте оқып жүргеннен бастап жабысқан. Шешем анда-мұнда жұмсай берген соң, төсек астына тығылып оқитынмын. Ол жер білініп қалған соң үйдің төбесіне шығып алып, жинаулы тұрған киіздердің арасына оранып алып оқитынды таптым. Ол жер жылы, қауіпсіз әрі оған шешем шыға алмайды.

Адина сықылықтап күліп жіберді.

– Кішкентай кезіңізден ақылды болыпсыз ғой. «Шатырға шешем шыға алмайды» дейсіз бе?

Балаша мәз болып тағы күлді. Көптен бері оның жадырап күлгенін бірінші рет көруім. Жаңбырдан соң жайқалған алқаптағы гүлдей, қап-қараңғы түнде қыр басынан жарқ етіп шыға келген айдай ғажап сұлулыққа бөленген. Осынау қайталанбас ғаламат сәттің сәулесіне шомылып отыра бергің келеді.

– Сіз кітапты, гүлдерді, спортты сондай сүйесіз. Бірақ жаныңыз жалғыздыққа үйір екенін байқап жүрмін. Мен де бала күнімнен бері оңашалықты, өз-өзіммен жалғыз жүруді ұнатамын. Шіркін, сізбен бір уақытта туып, бірге өскенімде ғой. Өр мінезіңізге қарап, бала күніңізде қандай сотқар болғаныңызды елестетіп отырмын...

Алдындағы дәптерлерінің бірі өзі салған, толған суреттер екен. Қарындашпен табиғатты, даланы, ағаштар мен құстарды, шығып келе жатқан күн мен батып бара жатқан айды дәл бейнелеген. Алып дарияны жағалай өскен орман, орман арасындағы

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

қыстақ, қыстақ шетіндегі оңаша үйлер, жол жиегіндегі ескі құдық бейнеленген суреті Украинаға барғанда салыпты. «Ата-бабамыз мекендеген, балық аулап, егін егіп, шөп шауып тірлік еткен Днепр бойы» деп таныстырды. Адинаның салған қарапайым ғана суреттерін украин даласына аңсарым ауып кетті.

– Сен жақсылап емделіп, сауығып ал. Сосын мені Украинаға, ата-бабаңның ауылына, Днепр бойына ертіп бар. Штандартн фельдмаршал Вальтер Модельдің аса жойқын танкілі армиясына күш бермеген намысты да қарапайым халықты көргім келеді. Біздің Қасым Қайсенов деген атақты батырымыз құпия тапсырма алып, немістер басып қалған украин өлкесіне диверсант болып барғанда, ірі әскери тапсырмаларды сәтті орындаған. Сенің қандастарыңмен бірге қаншама рет партизандық ұрыстар жүргізген.

– Иә, білемін! – Адина сөзімді бөліп жіберді. Менің мыңдаған қандастарымның аман қалуына сеп болған Қайсеновті қай украин құрметтемейді дейсіз? Батыр атаның орыс тіліндегі «Илько Витряк», «На Днепре» кітаптарын оқығамын. Ғажап батыр адам... Сауығып шыққан анам екеуміз сізді ертіп барамыз. Украиндар да қазақтар сияқты, бауырмал, жомарт, ер көңілді келеді.

Адина екеуіміз тәтті әңгіменің қызығында отырып, кешкі тамақ уақыты өтіп кеткенін сезбей де қалыппыз. Қатарласып, иықтаса отырып тамақтандық та өз палатамызға кеттік.

Өткенде спорт залда менімен сөзге келіп қалатын әлгі сақалды Адинаға жиі соқтығып жүретін. Әйел затының алдында әдеп сақтау дегенді білмейді, тым дөрекі. Адинаның қасынан өтіп бара жатып, қуатты қолдарымен оның нәзік қабырғаларын мытып қалады немесе жамбасынан қағып өтіп, тым ерсі қылықтар жасайды. Қалжыңының түрі сол. Адина болса мойылдай көздері боталап, білдірмей жылап қалады. Жұрт көзінше оған қарсы келуге ыңғайсызданғаныммен, тісімді қайрап жүрдім.

Ол сақалдымен ашық күш сынасудың сәті ақыры түсті. Спортқа жаным құмар екені баршаға аян еді. Бос уақытым бола қалса жаттығу залынан шықпайтынымды білетін емхана басшылығы мені жүре аларлық халі бар барша науқастардың таңғы жаттықтырушысы етіп белгіледі. Бір сағатқа жуық жаттығуда бар өнерімді ортаға саламын. Ер адамдар үшін жекпе-жек өнерінің барлық ауыр түрлерін көрсетіп, қаланың ши борбай балаларын қара терге түсіремін. Әйелдер тарапына жеңіл гимнастикалық қимылдар жасатып, көбіне еркін қоямын.

Сирия құмында ұзақ жүріп, әскери дайындықта әбден піскен әлгі сақалды мұндайда маған бірден-бір қарсылас еді. Бір күні ертесі таңғы жаттығуда қарадай пәле іздеп жүретін ол әдейі барып, Адинаға тағы соқтықты. Білегінен қатты қысып жіберсе керек, Адинаның ащы дауысы бәрімiздің назарымызды бөлді. Ашуымды тежей алмай оны шетке, бокс алаңына шақырдым. Оның да іздегені сол еді. Секіріп шығып, арқаннан аттады да, бұрышта ілулі тұрған қолғаптардың бір жұбын маған қарай лақтырып жіберіп, өзі екіншісін кие бастады.

Шу-шұрқанға құлқы жоқ бір топ науқас жай-жайына тарады да, бір тобы бізді қоршай шуылдасып кетті. Ортада қазылық етер адам болмағандықтан «Бокстағы жекпе-жек ережесін сақтаймыз» деп өзара келісіп, айқасты бастап кеттік. Қос жанары жасқа толған нәп-нәзік Адина бір шетте бізге үдірейе қарап тұр. Қоңырқай шашы екі иығын жауып кеткен. Жеңіл кеудешесін желбегей жамыла салыпты. Алдындағы арыстандай екі еркектің айқасы – өзінің ар-намысы мен нәзіктігі үшін басталғанын сезіп-ақ тұр.

Денесінде артық еті жоқ, тұла бойын күш кернеген сақалды а дегенде-ақ соққының астына алды. Мұндай адуын да шалт қимылды күтпеген мен ес-ақылым шыға қорғануға көштім. Аланды үш айнала ұрғыласқан екеуміздің бір-бірімізді аяйтын түріміз жоқ. Дегенмен, нақты уақыт шегі жоқ жекпе-жегіміз тым ұзаққа созылмады. Еркінсіп кеткен қарсыласым алдыма ентелей жетіп келгенде оң қапталдан соғатын жалған бейне көрсетіп, бар назары соған ауғанда оң қолыммен сол жақ бауырды қоса құлақ түбінен, қатар екі ауыр соққы жасадым. Әлгінде ғана аш қасқырдай алақұрып, ес-ақылымды алған қарсыласым тура алдыма бүк түсіп отырды да қалды. Сол отырған жерінен арашаға түскен бірнеше жігіт оны қаумалап алып кетті.

Қолғабымды шешіп, арқаннан асып секіріп түссем, шеткері бір бұрышта ебіл-дебілі шығып Адина жылап отыр екен. Қасына келгенімді сезіп одан бетер еңіреді. Ештеңе айта алмадым. Шылқа тер болған спорт жейдемнің етегімен көз жасын сүрте бердім. Үнсіздік билеген сол сәттегі әлем Қаратаудан да ауыр еді.

Содан қайтып Адинаны біраз күн бойы көрмедім. Ет қызуымен сезбеген екенмін, бетжүзіме соққыдан біраз таңба түсіпті. Екі күн бойы мен де қорғалақтап, ел көзінен алыс жүруге тырыстым.

Тамылжыған көктем күндері біртіндеп өтіп, мамыр айының соңғы күні де жетті. Кезекті емімді алып, палатамда жатсам, Адина іздеп келіпті. Сол баяғы мұңды, ойлы қоңыр жанарымен бас-аяғыма аялап қарап шықты да, қасыма келіп отырды. Амандық сұрастық.

– Жүріңіз, гүлдерімізді суарайық, – деді, – бірнеше күн қатты ауырып қалдым да, ешқайда шықпадым. Сіз де көрінбей кеттіңіз. Өзім іздеп келдім...

Асханадан кішкентай темір шелекке су толтырып алып, жағалай тізілген гүлдерді суара бастадық. Мен «Адина» деп ат қойған жалпақ үш жапырақты гүл недәуір өсіп, өңі ашылып, жайқала бастапты.

Оны көрген Адина қатты қуанды.

Екеуміз емхана асханасынан бірге тамақтандық та, оны кешкі сейілге ертіп шықтым. Қала кеші мұнартып, батыс көкжиекке қоюлана шөккен бұлт мазасыздыққа, белгісіз сағынышқа жетелейді. Жаңбыр алдындағы тымық сәтте жер бауырлай ұшқан қарлығаштар қасымыздан жанап өтеді. Көктем кеші біртіндеп қараңғылыққа ұласа бастады.

– Мен ауырамын, – деді Адина. – Жазылмайтын ауруға шалыққанмын. Оны өзім жақсы білемін. Бірақ анам еш күдерін үзген емес. Емханаға бір жылдық емдеу ақысын төлеп қойған. Қазірше бұл жерден шыға алмаймын. Ал, сіз жақында кетесіз ғой...

Сөзін толық аяқтай алмай, булығып жылап жіберді. Қолтығынан демеп, балапан шыршалар арасына қойылған орындыққа отырғыздым. Кешкі салқыннан жаурап, екі иығы дірілдеп бастаған соң, үстімнен тастамайтын жеңіл спорт шапанымды шешіп, иығына жауып қойдым. Адинаның сол сәттегі бейнесі құндақтағы сәби баладай, немесе самырсын түбіндегі жұмсақ мүкте бүйығып жатқан қозықадай әлсіз де қорғансыз еді. Аспан жүзіне ілінген бұлт қабағы қатулы.

– Бүгін мамырдың соңғы күні екен, – дедім мен. – Бұл күн біз үшін қымбат күн. Бірер сағат болса да сырласып, бірге жүрміз. Мен үйіме, отбасыма қайтуға асығамын. Қайтамын да. Ал сенің осында жалғыз қалатыныңды ойласам...

– Сіздің маған арнаған «Адина гүліңіз» бар ғой, – деп жымиды ол. – Соны күнде баптап, суарамын. Тура сізбен сөйлескендей сөйлесемін. Жаныма медеу тұтамын. Он тоғыз жыл кешкен ғұмырым үшін де ризамын. Сіз білесіз бе, мен көп кешікпей өлемін... Ол шындық. Мендей бір жас қыздың осынау өмірде болғанын ұмытып та кетерсіз. Ертең жаздың алғашқы күні, ой, жазған-ай! Жазға да жетіп қалыппыз-ау...

Сарыарқа бұлты одан бетер ауырлап, тұтас төңіректі қараңғылық тұмшалады. Жақын маңнан найзағай жарқылдады. Кешік-пей нөсер жауатын түрі бар.

– Адам жүрегі шексіз кеңістік сияқты. Оған бәрі сияды. Жамандық та, жақсылық та, махаббат та, кек те. Сені ешқашан ұмытпаймын, Адина. Емханаға іздеп келіп тұрамын.

– Сіз алдағы уақытта кітап жазатын сияқты боласыз да тұрасыз. Сөз жоқ, сіз мықты жазушысыз. Ауырмасам... деним сау болса мен де сіз туралы махаббат хикаясын жазар едім. Сізбен жақын өткен айға жетпейтін уақытты бір кітапқа жүк етер едім. Сіздің, өзімнің балалық шағымды жазар едім.

Адина ауыр бір күрсініп алды. Бала күнінде нағашы атасына еріп, Тула жазығына барғанын, Дон өзені бойын жағалай Липецк, Воронеж, Волгоград және Ростов аймақтарын аралағанын майын тамыза баяндады. Хутор маңындағы шабындықта шалғы тартқан кедей мұжықтардың бейнесі салынған суреттері бар екенін, кейін үйіне шақырып көрсететінін айтты.

Тәтті әңгіме қызығы уақыттың қалай өтіп жатқанын сездірер емес.

Кенет тура арқа тұсымыздан аспан қылышы жарқ етті де, жер жарылғандай күн күркіреді. Баж етіп шошынған Адина құшағыма келіп бір-ақ тығылды. Иманымды үйіріп, оны бауырыма қыса бердім. Кіп-кішкентай, мұңды Адина бүрісіп, құшағыма тығыла түсті. Өмір дегеніңіз де сол ғой, оған уақытша қорған болып, мейірім төккеніммен, ғұмыр бойы панама алып, аялап өте алмайтыныма өзіме аян еді.

– Қазір-ақ нөсер жауын төгеді де кетеді, қайтайық. Ертең жаздың алғашқы күні, – деп Адинаның сөзін қайталадым. – Биылғы көктемді бүгін аяқтадық. Анығы – менің көктемім аяқталды.

Буырыл тартқан шашымды, қырықтан асқан жасымды меңзегенім еді бұл. Жас та болса оқығаны мен түйгені көп ақылды қыз бәрін түсіне қойды. Сезім жолы ары қарай жабық екенін, бірер күннен соң қош айтатынымызды, жүрек қылын тербеген, құрмет пен ыстық махаббат сыйлаған жігіт ағасының ендігі өмір жолына жарық түсіріп тұрар тым алыс та, тым жақын сапар шырағы екенін ұқты. Күн күркірі жиілеп, аспан жүзінен кесек тамшылар төгіле бастады. Тар жол бойындағы аласа шыршаларды да, бізді де бармақтай болып төгілген аспан жасы шомылдыра бастады.

Емхана қақпасының шырағы жауын астында жарқырап тұр. Су өткен балғын қыздың жүзі құқыл тартып, тістері сақ-сақ етеді. Адина жылап келеді. Бәлкім, аспан бірге жылап келеді.

Емхана ауласына кірген соң екіге айырылдық. Жаңбыр жуған Адинаның сұлбасына ұзап кеткенше қарап тұрдым. Көз алдым бұлдыр тартып, айналамды бағдарлаудың өзі қиынға соқты. Жұрт тегіс ұйқыда, сенделіп палатама кіріп, есімді жидым. Айнаға қарасам, манадан бері жылап тұрған аспан емес, мен екенмін...

Келісімді уақыты толмаса да, емхана басшылығымен, дәрігермен сөйлесіп, ертесі-ақ үйге шығып кеттім. Кетерімде гүлдерімді суарып, «Адина гүлдің» топырағын босатып, аялай сипадым. Гүл алақандары бұрынғыдан да үлкейіп, діңі де ұзара түскендей.

Неге екені өзіме де белгісіз, Адинаға қоштаспадым. Енді кешіксем, оның мұңды қоңыр жанарына тұтқынға түсіп, осында мәңгілікке қалардай сезіндім.

* * *

Мен емхана ауласынан шыққан күн – Адина айтқандай жаз айының басталған күні еді. Кешегі нөсерлі жаңбырдан қуат алып, құлпырған айнала да, бүршік атқан қайыңдар да, кеше түнде ғана ғалам нұрына, көктемнің соңғы жаңбырына бізбен бірге жуынған шыршалар да көзіме басқаша көрінді. Әлем нұрланып кеткендей, не мүлде сүреңсіз түске оранып, құлазыған дүниеде өзім ғана қалғандай қайғылы күй кештім.

Бұл оқиға сол беті жүрек түкпірімде ғана сақталып, қағаз бетіне түспей, жазылмай қалар ма еді, мына бір тосын хабар болмаса.

Аптасына бір қайталайтын дағдым бойынша, Есіл өзенінің бойында жападан-жалғыз балық аулап отыр едім. Су жиегінде, сөмкемде жатқан телефоным қайта-қайта шырылдай берді. Трупканы алсам, арғы жағынан әйелдің әлсіз дауысы шықты. Қысқа сәлемнен соң аты-жөнімді нақтылап сұрады.

– Иә, сол жігіт менмін, – дедім.

Бейтаныс әйел жылап жіберді. Өксігін басып, сәл кідіріп де, өзінің Адинаның анасы екенін, оның бір апта бұрын емханада қайтыс болғанын жеткізді.

Төбеме аспан құлап кеткендей, ауыр салмақтан қос тізем бүгіліп кетті. Адинаның өлер алдында маған хат жазып қалдырғанын, бір жерден кездесіп сол аманатын бермек екенін, мен қаласам зиратына да ертіп бармақ ойы барын айтты.

Қазір-ақ жететінімді айтып, мекен-жайын сұрап алдым да, көлігіме отырып айтқан адреске тіке тарттым. Қала іргесіндегі шағын ауылда тұрады екен. Жасы егделей бастаған, шамасы елуден асқан арық әйел қақпа алдында қарсы алды. Ермен мен алабота басқан ауладағы ұсақ тастар төселген жіңішке жолмен үйіне, Адинаның шағын бөлмесіне бастады.

О, құдірет! Емханада екеуміз баптап, суарып жүретін «Адина гүл» терезе алдындағы үстел үстінде, аяулы Адинаның суретінің жанында жайқалып өсіп тұр. Діңі бұрынғыдан да ұзарып, жайқала өсіп кетсе де жазбай таныдым. Тіпті, түбегіне дейін өзгермеген. Ернеуіне кішкентай қайшымен ойып, өз қолыммен жазып кеткен «Адина» деген жазуға дейін орынында.

Қанша тырыссам да көз жасыма ие бола алмадым. Иегім кемсеңдеп: – Әпке, Адинаның басына барайықшы...– дедім.

Көлік тізгінін зорға меңгеріп келемін. Ауыл шетіндегі қыратқа орын тепкен көне қорымға әп-сәтте жетіп келдік. Шеткері қойылған жас қабірлердің арасынан Адинаның қоян жонындай томпайып жатқан кішкентай ғана қабірінің басына тоқтадық. Жас қабір әлі қоршалмаған, белгітас та қойылмаған. Тек баланың бойындай ғана ағаш тақтайға қара сиямен жазған Адина деген жазу оттай басылды. Діні өзге болса да жүгініп, дұға бағыштадым. Анасы арт жағымда үнсіз қол жайып отырды. Ұзақ дұғамды аяқтап, солығымды басқан соң анасын сөзге тарттым.

Менің телефон нөмірімді емхана әкімшілігінен алыпты. Өлер алдындағы өсиеті бойынша екеуміз баптаған «Адина гүлді» өзінің шағын бөлмесіне қоюды тапсырыпты. Өз қолымен жасаған конвертке маған жазға шағын хатын салып, сыртын мұқият желімдепті.

Анасы берген хатты ашып едім, бір парақ қағазбен қоса өзі салған суреттер шықты.

«Құрметтім, сізге қазір не жазарым белгісіз. Бұл хаттың соңына жеткенімше бірнеше күн уақыт кетер. Сіз емханадан кеткенде терезеден қарап тұрдым. Қақпа алдында айналсоқтап ұзақ жүрдіңіз. Кімді, нені қимай өкініш пен үміт арасында сенделгеніңізді, ақырында махаббат пен сезім ортасынан ақылды көпір етіп, жол тапқаныңызды да көрдім. Сіз кеткен соң халім күрт нашарлап кетті. Дәрігеріме айтып, сіздің маған арнаған «Адина гүлді» палатама алдырып алдым. Сіздің жазбен бірге менің көктемім де басталып еді. Өттең, оған ілесе қаңтар келді. Мына дүниеде анам және сіз қалып барасыз. Бір күндері анам сізді табады. Мен кеткен соң оның күйі қалай боларын ойласам, мүлде өлгім келмейді. Сенесіз бе, ешқашан өлгім келмейді. Бірақ, түгелдей өзгеріске ұшыраған қанымдағы рак дерті мені алысқа апармайды. Оған көзім анық жетеді. Менің қысқа ғана ғұмырымда жолыққан ең мәрт, ең адал азаматсыз. Анама үнемі қарайласып тұрарсыз. Оны да қарттық жеңе бастады. Әр мезгіл сайын барып, көңілін жұбатып тұрыңыз. «Адина гүлді» баптап қарау міндетін енді анам алды.

Сіз дінге, Құдайға қатты сенетін адамсыз. Құдайдан сізді «ол дүниеде тағы да кездестіре көр!» деп өтінемін. Айтпақшы, сіз сондай жақсы көретін, үстіңізден тастамай киетін жеңіл спорт шапаныңызды көктемнің соңғы күніндегі кешкі сейілде, жаңбырда маған жапқан едіңіз. Сол түні палатама әдейі киіп кеткем. Мен өлген соң табытымда бірге көмуді, басыма жастап қоюларын өсиет еттім. Оған ренжімессіз. Тым құрыса, жер астында сіздің тер мен мейірім иісі сіңген киіміңізді жастап жатайын. Өйткені түбі бір тағы кездесеміз ғой. Әйтпесе, оған дейін мені ол жақта кім қорғайды?

Көп жазып кеттім. Бірақ сізбен қоштаспаймын. Сіз жақта әлі жаз шығар.

Бұл жақ тастай қараңғы...

Құрметпен: сіздің Адинаңыз».

Хатты оқып біттім. Бұл жолы көзімнен тамшы жас шықпай қойды. Күн де кешкіріп қалған екен. Адинаның анасын сүйеп, көлікке отырғыздым.

Астана күзі қашанда жаңбырлы. Биыл тіпті басқаша. Батыс жиекті тағы да қалың бұлт торлай бастапты. Түнделете нөсер жауары сөзсіз. Зиратқа жақын маңдағы көлшіктен су құстарының шуылы естіледі. Артымызда мамырдың соңғы түні жаңбырда бауырыма тығылған кіп-кішкентай, момақан Адинаның кіп-кішкентай қабыры қалып барады. Оның астындағы ағаш табытта менің жақсы көретін киімімді жастанып, мәңгілік ұйқыға батқан Адина жатыр.

Неге екенін, қалаға, қаладағы шулы пенделер арасына барғым келмей қалды. Баруым керек, өйткені, мен жүрек қалауына бірінші болып өзі қарсы шығатын адам баласымын. Жаны сүйген дүниесін өз қолымен талқандайтын, көңілі елжіреген ғажайыпқа көпе-көрнеу күл шашатын «Пенде» атты ауратылыспын. Жан-тәнімен ұнататын арман-мұратының алып мұхитына жалғыздықтан арал соғатын ақымақпын...

Ойымды терістік жиектен жарқ еткен аспан қанжарының жарқылы бөлді. Көлік терезесіне бірен-сарандап тиген жаңбыр тамшылары үдей түсті.

Жыл құстарының Оңтүстікке қайтар шағы жақын. Далада лүп етіп соққан желден жаңбыр аралас топырақтың, жусанның иісі аңқиды. Қарттыққа иек арта бастаған, жүзін ауыр мұң мен қайғы торлаған Адинаның анасына қарап, «Жаз өтіп күз келді. Топтаса ұшқан тырналар Адинаның зиратының үстінен ұшып өтер. Жүздеген, тіпті мыңдаған жылдар өтер. Оның кішкентай қабірі де біртіндеп жерге айналар. Бұл пәниден біз де кетерміз. Тек, артымызда қалары мұңға суарылған махаббат қана» деп ойладым.

Ееех, Адина! Сен әкелген жаз да өтіп барады екен-ау...

Ұларбек ДӘЛЕЙҰЛЫ

madeniportal.kz. сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СОВЕТЫ СПЕЦИАЛИСТА

СУДЕБНО- ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ЭКСПЕРТИЗА

На современном этапе рыночных отношений эффективное, объективное расследование экономических преступлений, быстрое и правильное разрешение хозяйственных споров являются основными задачами, поставленными перед органами, ведущими процессуальное производство по уголовным и гражданским делам, возбужденным в связи с экономической деятельностью хозяйствующих субъектов.

В Институте судебных экспертиз по области Жетісу Министерства юстиции Республики Казахстан проводятся судебно-экономические экспертизы следующих видов исследований:

– 9.1. судебно-экспертное исследование хозяйственных операций;

– 9.2. судебно-экспертное бухгалтерское исследование;

– 9.4. судебно-экспертное финансово-бюджетное исследование.

Главной задачей судебно-экономической экспертизы является оказание содействия судам, судьям, органам дознания, лицам, производящим дознание, следователям и прокурорам в установлении обстоятельств, подлежащих доказыванию по конкретному делу, посредством разрешения вопросов, требующих специальных знаний в области первичного и бухгалтерского учета, аудита, анализа и ревизии хозяйственной деятельности.

Объектами судебно-экономической экспертизы служат: документация, отражающая финансово-хозяйственную деятельность организаций, договоры между предприятиями и организациями, юридические дела (налогового органа и департамента юстиции), кредитное досье, акты налоговых проверок и ревизий, аудиторские отчеты, а также материалы уголовного и гражданского дела, относящиеся к предмету экспертизы.

При производстве экономических экспертиз не допускается решение правовых вопросов, предполагающих дачу оценки действиям отдельных лиц, вопросов общего характера, решение которых предполагает проведение экспертом сплошной ревизионной проверки.

Экономические исследования, проводимые в рамках судебно- экономических экспертиз, имеют свою специфику, которая отличает ее от других видов экспертиз. Основным методом, применяемым при производстве экономических исследований, является метод документального контроля.

Судебная экономическая экспертиза исследует отдельные случаи хозяйственной деятельности, зарегистрированные в системе бухгалтерского учета юридического лица. Из теории бухгалтерского учета известно, что бухгалтерский учет это единая упорядоченная система сбора, регистрации и обобщения информации в денежном выражении об имуществе, обязательствах организации и их движении путем сплошного, непрерывного и документального учета всех хозяйственных операций.

Бухгалтерский учет в регистрах бухгалтерского учета производится посредством двойной записи. Исследование определенных хозяйственных операций в процессе производства судебной экономической экспертизы предполагает изучение большого объема документов (как документов, относящихся к бухгалтерской и финансовой отчетности проверяемого субъекта, так и материалов уголовного дела, относящихся к исследуемой операции, протоколов допросов, объяснений ответственных лиц, ответов на запросы правоохранительных органов, актов документальных проверок и пр.).

Один из возможных путей совершенствования встречных проверок – их проведение с целью формирования надежной свидетельской базы уголовного дела как параллельного с экспертизой самостоятельного источника доказательств. Например, важное значение для проверки выводов эксперта имеет выяснение у получателей денежных средств, перечисленных исследуемой организацией, на какие цели в действительности израсходованы денежные средства, когда целевое назначение платежей не соответствует фактическому содержанию операций. Это позволяет установить каналы безвозмездного изъятия доходов исследуемой организации, конкретные цели криминального использования прибыли, материальный источник возмещения ущерба, причиненного преступлением.

С. ТЫНЫСБАЕВА,
ведущий эксперт
Института судебных экспертиз
по области Жетісу МЮ РК.

ГОРНЫЙ ТУРИЗМ

ПРОВЕЛИ ВСТРЕЧУ В KAZ ALPINE CLUB

ПО СООБЩЕНИЮ ПРЕСС-СЛУЖБЫ АЛМАТИНСКОЙ ГОРОДСКОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ, НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ПИЛОТНОГО ПЕРЕХОДА ПО ДВУМ МАРШРУТАМ: ЧЕРЕЗ ПЕРЕВАЛЫ ОЗЕРНЫЙ И АКСУ-СЕВЕРНЫЙ, А ТАКЖЕ САРЫ-БУЛАК НА ИССЫК-КУЛЬ ОБСУДИЛИ В АЛМАТЫ ЧЛЕНЫ KAZ ALPINE CLUB, ПРЕДСТАВИТЕЛИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРГАНОВ, НПП «АТАМЕКЕН», ОБЩЕСТВЕННЫЕ ДЕЯТЕЛИ.

«Я думаю, что это очень хороший проект, который показал, что можно «сдвигать» горы. То есть, раньше нас горы разделали, теперь горы нас соединяют. И большую роль в этом сыграла наша Национальная палата предпринимателей «Атамекен», – подчеркнул председатель правления Kaz Alpine club Тимур Дүйсенгалиев.

Напомним, в августе текущего года казахстанские активисты вновь открыли пешие переходы из Казахстана на Иссык-куль. Инициатива возродить тропы принадлежит ОО «Kaz Alpine Club» и ОАО «КАТО» (Кыргызская Ассоциация Туроператоров). Две группы успешно перешли через перевалы.

«В конце августа мы с группой активистов выступили в путь от Кольсайских озер через перевал Сары-Булак к побережью Иссык-Куля. Все участники группы успешно справились с маршрутом, многие из них сегодня участвуют в этой пресс-конференции. Я рад, что нам досталась честь

проложить дорогу, которая на протяжении 13 лет была, к сожалению, закрыта для казахстанцев. Надеюсь, наш старт в последующем откроет этот живописный маршрут для любителей горного туризма», – отметил первый заместитель председателя правления НПП «Атамекен» Максат Кикимов на встрече.

Данный вопрос был в работе национальной палаты уже долгое время. НПП «Атамекен» инициировало ходатайство в Администрацию Президента по включению вопроса по организации пилотного похода через трансграничные маршруты в Совместное Заявление Глав Государств Республики Казахстан и Кыргызской Республики, которое было озвучено 26 мая текущего года.

«Я очень рада, что посодействовала в реализации этого проекта. До конца августа еще не было понятно, получится или не получится эти два пилота провести, организовать. Вот, получилось, и я очень рада. Надеюсь, мы действительно восстановим эти походы, сделаем их регулярными. Мы разговаривали с нашими кыргызским коллегами, депутатами Жогарку Кенеша. Они согласны, что это будет настоящий очень красивый мостик между нашими народами», – сказала председатель Комитета по международным делам, обороне и безопасности Мажилиса Парламента РК Айгуль Куспан.

Уже 7 июля т.г. впервые в

истории взаимодействия двух стран в сфере туризма, была проведена международная видеоконференция на площадке региональной палаты предпринимателей г. Алматы с участием всех заинтересованных сторон от госорганов, депутатов и турбизнеса. Очно, в режиме реального времени были тщательно разобраны проблемные вопросы проекта Межправительственного соглашения и возможных препятствий для успешной реализации Пилотных переходов.

Член Комитета по законодательству и судебно-правовой реформе Мажилиса Парламента РК Ерлан Смайлов рассказал, что пилотные проекты были реализованы командной работой.

«Был отличный пример, когда под постом директора алматинской палаты «Атамекен» Айтуара Кошмамбетова о том, что там состоялась встреча и подписан меморандум с КАТО, Еленой Ержакович тегнула меня о том что есть такие проблемы, что Kaz Alpine club не может добиться много лет выйти на Иссык-куль в эти пилотные маршруты. Мы с Тимуром Талашевичем тут же связались, все материалы получили, это был конец апреля. Мы провели совещание сразу со всеми госорганами, сначала преодолели непонимания и у нас получилось», – отметил член Комитета по законодательству и судебно-правовой реформе Мажилиса Парламента РК Ерлан Смайлов.

Организация пилотных переходов по перевалам Озерный и Сары-Булак в июне-июле призвана провести полевую апробацию, чтобы обеспечить все необходимое для открытия и продвижения маршрутов в летний сезон 2023 года. Члены Kaz Alpine club строят большие планы на следующий год по новым горным маршрутам.

Ш. ХАМИТОВ.

Бейсенбі - Четверг, 29 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Бақыттың кілті»
14.10, 17.15 «Қызық екен...»
15.15 Деректі фильм
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Телехикая «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.35 «Сана»
02.10 «Өмір көктем»
03.00 «Әйел әлемі»

ХАБАР

05.00 «Кім мықты?-2»
06.00 «Балканский рубеж»
07.00 Тікелей эфирде «Оян»
10.00 Бізге хабарласқан
10.30 Мультик
11.00, 20.00 «Келінжан-4»
12.00, 21.00 Т/х «Көзімді жұмсам да...»
14.00 «Айналайн»
15.00 «Вторая жизнь Евы»
17.00 «Бегом за деньгами»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
23.00 «Другая жизнь Анны»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.55 «Жетім жүрек-2»
11.10 Т/х «Ене»
11.50, 23.50 «Күң мен Хандзада»
13.40 «Айтарым бар»
14.50, 01.45 «Условия контракта-2»
16.00 «Мариям»
17.00 «Жұмбақ таймс»
17.40 Т/х «Кішкентай келін»
19.15, 02.45 Т/х «Ангел-хранитель»
20.00 «Астана таймс»
21.00 Т/х «Дастан»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 14.20 «Жаңалықтар»
06.10, 19.00 «Кереміз»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00, 02.55 Сериал «И все-таки я люблю...»
13.00 Мелодрама «Городские шпионы»
14.10 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.45 «Басты жаңалықтар»
20.00 «Главные новости»
20.35 Сериал «Уцелевшие»
01.05 Ночной кинотеатр «Мосгаз.Дело№8.Западня»
02.00 Сериал «Гибель империи»
04.10 «Той заказ»

КТК

07.05,04.10 «КТК қоржынынан»
07.20, 19.30 Кешкі жаңалықтар
07.50 Т/х «Жат туыстар»
09.30, 21.00 Вечерние новости
10.10, 23.00 Мелодрама «Пересуд»
02.10, 21.40 Мелодрама «Упертый»
13.30 «Королева бандитов»
16.30, 02.10 Т/х «Зәкира»
17.30Т/х «Құпия қобдиша»
20.00, 02.55 «Астарлы ақиқат»
01.20 «Испытание-2»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
11.30 «Мамандық маңызы»
11.50 Инфо-блок
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.50 «Бүгін»
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 «Спорт-тайм», инфо-блок
14.40 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «Қасиетті Қонаев»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости Область Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 20.00 «Информбюро»
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.15 Сериал «ХАНШАЙЫМ»
10.00, 10.30 Мультики
11.00, 12.00 Сериал «Сеня-Федя»
13.00 Кино «Вспомнить все»
15.40 Х/ф «Широко шагая-2:расплата»
17.50 «Не ишите с Зоханом!»
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Х/ф «Черный дрозд»
01.15 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What's up?
02.20 Сериал «Базарбаевтар»
03.00 « Әзіл студио»
03.40 «1001 әзіл»
04.00 Бала батл
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
07.00, 01.40 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08.00, 12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
09.00, 17.30 Сериал «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР»
10.10, 19.30 Сериал «Скорая помощь»
13.40 Т/х «Ата-ана.Бала-шаға»
14.10, 21.30 Сериал «Босс әйел»
15.20, 00.40 «Гадалка»
16.30, 23.40 «Обычная женщина»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
22.40 «Отынды өшірме»
02.40 «Жайдарман»
03.40 Телехикая «ЯПЫРАЙ»

Жұма - Пятница, 30 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.45 Әнұран
06.05, 03.25 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 01.35 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан».
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 «Бақыттың кілті»
14.10. 17.15 «Қызық екен»
15.15 «Жаңа Қазақстан»
15.45Т/х «Бақытсыздар бағы»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Бауырлар»
23.20 «Кеңілашар»
00.00 «Парасат майданы»
00.35 «Сана». Ток-шоу
02.10 «Өмір көктем»
03.00 «Жаңа Қазақстан». Сұхбат

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР әнұраны
05.00 Мегахит «Горячие новости»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Өнеге»
10.30 М/с «Мишки-братишки. Снова вместе»
11.00, 20.00 «Келінжан-4»
12.00, 21.00 «Көзімді жұмсам да...»
14.00 «АйнаLine»
15.00 Сериал «Вторая жизнь Анны»
17.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
23.00 Мегахит «Город Тайн»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.00 Т/х «Жетім жүрек-2»
11.00 Т/х «Ене»
12.00, 23.50 Т/х «Күң мен ханзада»
13.40 Ток-шоу «Айтарым бар»
14.40 «Президент пәрмені»
14.50, 01.30 Сериал «Условия контракта-2»
16.00 Т/х«Мәриям»
17.00 «Бизнес по Казахский в Америке» худ. фильм
19.15, 02.45 Т/х «Ангел -хранитель»
20.00 «Астана таймс»
21.00 Т/х «Дастан»
21.55 Т/х «Жетім жүрек-2»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Жаңалықтар»
06.10 «Кереміз»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00 Сериал «И все-таки я люблю..»
13.00 Сериал «Городские шпионы»
14.10 «Новости»
14.20 «Жаңалықтар»
14.30 «Қослайк»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Кереміз»
20.00 «Главные новости»
20.35 «Поле чудес»
21.55 «Фантастика»
00.50 Х\ф «Патент»
02.45 Сериал «И все таки я люблю»
03.35 Жаңалықтар
03.45 «Кереміз»
04.35 «Басты жаңалықтар»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «КТК қоржынынан» ойын-сауық бағдарламасы
07.20 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.50 ТХ «Жат туыстар»
09.30 Вечерние новости (повтор)
10.10 «Пересуд» драма
12.10 «Упертый» драма
13.30 «Королева бандитов»
16.30 «Зәкира» драма
17.30 Т/х «Құпия қобдиша»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Дау-дамайсыз»
20.35 «КТКweb» жаңа маусым
21.00 Вечерние новости
21.40 «Формула счастья» мелодрама
01.50 «Испытание-2» мелодрама
02.40 «Зәкира»
03.25 «Дау-дамайсыз»
03.50 «КТК web»
04.10, 04.40 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
11.30 «Қасиетті Қонаев»
11.50 Инфо-блок
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Сегодня»
14.10 «Спорт-тайм», инфо-блок
14.15 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «AgroLife»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости Область Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 «Информбюро»
07.00 «Таңсәрі» прямой эфир
09.00, 00.50 Сериал «ХАНШАЙЫМ»
10.00 М/с «Три кота»
10.30 М/с «Маша и медведь»
10.50, 11.50 Х/ф «Сеня - Федя»
12.50 Х/ф «Не шутите с Зоханом»
15.25 Х/ф «Черный дрозд»
17.30 Х/ф «Дом летающих кинжалов»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Х/ф «Человек в железной маске»
01.40 «31 әзіл»
02.00 Сериал «Базарбаевтар»
02.40 1001 әзіл
03.00 Әзіл студио
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
07.00, 01.40 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08.00, 12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
09.00, 17.30 Сериал «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР»
10.00, 19.30 Сериал «Скорая помощь»
13.40 Т/х «Ата-ана. Бала -шаға»
14.10, 21.30 Т/х «Boss әйел»
15.20, 00.40 Сериал «Гадалка»
16.30 «Орел и решка»
18.30 Айбат
19.00 «Студия 7»
22.40 Т/х «Отынды өшірме»
02.40 «Жайдарман»
03.40 Телехикая «ЯПЫРАЙ»

Сенбі - Суббота, 1 казан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.05 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30, «Күміс көмей»
07.15, 20.00, 02.05 Ақпарат
07.50, 02.35 «Зинһар»
08.35, 23.30 «Көңіл толқыны»
09.20 «Әйел әлемі»
09.55 «Ырыстың қазығы»
10.00,18.00 Т\Х «Жүректегі күз»
12.00 «Ән мен әнші»
14.00 М/ф «Вольт»
15.30 «Қазақ жігіттері». Ернар Айдардың концерті
17.30 «Тұлпардың тұяғы»
20.30 «Әзіл әлемі»
22.30 Т\Х «Бауырлар»
00.35 «Дала дауысы»
03.20 «Ғаламшарлар»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Мегахит «Черный пес»
07.00 Концерт «Отаным десем»
08.00 Мегахит «Город тайн»
10.00 «Спорт әлемі»
10.30 Д/ф «Көмбе»
11.00 Т/х «Тағы да сүй»
13.00 М/ф «Тарзан»
15.00 Т/х «Келінжан-4»
16.30 «Культурный контекст»
17.30 Айтыс «Асыл домбыра»
19.00 Мейрамбек Беспаевпен «Covershow»
21.00 «7 күн»
21.40 «Не хабар»
22.40 Д/ф «Бұл осылай болған еді»
23.10 Мегахит. «Сила стихии»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00 «Жетім жүрек-2»
11.00 Т/х «Напарники»
12.10, 21.00 Т/х «Дастан»
15.10 Т/х «Ангел-хранитель»
19.00 «Көру керек!»
20.00 «Сарап таймс»
21.55 «Жетім жүрек-2»
23.50 «Бизнес по Казахски в Африке» худ.фильм
02.25 «Бақыт құшағында»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.25 «П@утина»
08.35 Х/ф «Вторая жизнь Федора Строгова»
11.00 Х/ф «Ликвидация»
16.30 «Бестің шәйі». Тікелей эфир
18.30 «Айна»
19.30 Х/ф «40+, или геометрия любви»
00.30 Ночной кинотеатр «Просто Джексон»
02.15 «Поехали»
03.00 «П@утина»
03.45 «Той базар»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Т/х«Үлкен үй»
07.40 «Озат отбасы»
08.30 «КТК web»
09.00 «Вечерние новости» (повтор)
09.40 «Юморина», шоу-программа
11.00 «Формула счастья», мелодрама
15.00 «Родственные связи», мелодрама
21.00 «Рыжик» мелодрама
01.00 «Испытание-2»
02.00 «Аталар сөзі»
03.30, 04.20 «Озат отбасы»

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
11.30 «AgroLife»
11.50 Инфо-блок
12.00 Д/ф «Джеки Чан»
13.00 «Әсем әуен»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Бүгін»
14.10 «Спорт-тайм», инфо-блок
14.15 «Әсем әуен»
15.00 «Қазақ үні»
15.30 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
16.00 «Сыр шертер»
16.30 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.50 «Ай мен күн» телехикаясы
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости Область Жетысу
22.00 «Қазақстанда жасалған»
22.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.30 «Әзіл студио»
07.00 «Тәтті шоу»
08.00, 05.00 «31 әзіл»
09.00 «Күліп ал»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Алдараспан»
12.30 Х/ф «Танцуй танцуй»
16.00 Х/ф «Я-жених»
18.10 Х/ф «Зверополис»
20.10 Х/ф «Тор-2»
22.30 Х/ф «Ядовитая роза»
00.30 «Bizdin show»
02.00, 05.30 «What's up?»
02.30 «Тамаша лайв»
04.00 «1001 әзіл»
04.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 02.30 «Жайдарман»
08.30, 01.10 «Жұлдыздың жары»
09.00 «Орел и решка»
10.00 Сериал «Уроки жизни и вождения»
14.00 Концерт «Ана қадірі»
16.00, 00.30 Т/х «Тақиясыз періште»
17.50 Т/х «Бастық боламын»
19.30 Х/ф «Знамение»
22.00 Х/ф «13»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Тамаша»

Жексенбі - Воскресенье, 2 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.50 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30 Ақпарат
07.00 «Күй керуен»
07.30 Д/ф «Дәуір даналары»
08.20 «Ақсауыт»
08.45 «Көңіл толқыны»
09.25 «Ауылдастар»
10.00, 18.00 «Жүректегі күз»
12.00 М/ф «Вольт»
13.30 «Әзіл әлемі»
15.40 «Атамекен» Ескендір Хасанғалиевті еске алу кеші
17.25 «Әйел әлемі»
20.00 «Апта»
20.50 «Жігіттер» тобының концерті
22.30 Телехикая «Бауырлар»
23.30 «Кеңілашар»
00.30 «Зорро туралы аңыз» көркем фильм
02.40 «Апта»
03.30 «Ақсауыт»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Кім мықты-2»
06.00 Концерт «Қара бала»
08.00 Мегахит «Сила стихии»
10.00 «Спорт тайм»
10.30 «Помощь в дом»
11.30 «Әке бақыты»
12.30 «Балақай»
13.30 М/ф «Белки в деле»
15.00 Т/х «Келінжан-4»
17.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
17.30 «Жұп-жұбымен» шоу
19.00 «Жеті қазына»
21.00 «7 күн»
21.40 «Интервью с Кривошеевым»
22.40 Д/ф «Отдел журналистских расследований»
23.15 Мегахит. «Уцелевшая»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00 «Жетім жүрек-2»
11.00 «Напарники»
12.10 Т/х «Дастан»
15.15 «Алдараспан»
18.00 «Уақыт келді»
19.00 «Бақыт құшағында»
19.40 Т/х «Жұрттың балалары»
20.40 «Көру керек»
21.55 «Жетім жүрек-2»
23.50 Х/ф «Құдалар»
02.30 Х/ф «Жетімдер»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.30 «Той заказ»
08.00 «П@утина»
09.00 «Воскресные беседы»
09.15 «Қаймақ»
10.00 «40+, или геометрия любви»
15.30 «Голосящий кивин-2022» музыкальный фестивал
18.55 «Добрый вечер.Казахстан»
20.00 «Грани» Прямой эфир
21.00 Х/ф «Виновата любовь»
02.15 «Три аккорда»
03.40 «П@утина»
04.20 «Той заказ»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Ән мен әнші»
08.10 «Озат отбасы»
09.00 «Юморина»
11.20 Мелодрама «Рыжик»
15.00 Мелодрама «Родственные связи»
21.00 «Портрет недели»
22.00 «Три». Премьера Казахстанского кино!
00.10 Мелодрама «На твоей стороне-2»
02.00 Т/х «Аталар сөзі»
03.30-04.20 «Озат отбасы»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Мамандық маңызы»
11.30 «Қасиетті Қонаев»
11.50 Инфо-блок
12.00 М/ф «Блинки Билл»
13.00 «Әсем әуен»
13.30 «Қазақстанда жасалған»
14.10 «AgroLife»
14.30 «Ән тыңдайық»
15.30 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
16.00 «Мамандық маңызы»
16.35 «Әсем әуен»
17.00 «Қазақ үні»
17.30 Д/ф «Мәдени байлықтар»
17.50 «Ай мен күн» телехикаясы
18.30 «Олжа»
19.00 «Сыр шертер»
19.30 «ЭКО-рейд»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Апта /каз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Жұлдыз болғың келсе» концерті

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.00 « Әзіл студио»
07.00, 02.00 «Тамаша лайф»
08.00, 01.00, 05.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ал»
09.00 «Телебинго»
09.25 «Готовим с Адель»
10.00 Х/ф «Танцор танцуй»
13.30 Х/ф «Я-жених»
15.40 Х/ф «Зверополис»
17.50 Х/ф «Тор-2: царство тьмы»
20.00 Х/ф «Отпетые напарники»
22.10 Х/ф «Дом летающих кинжалов»
03.30, 05.30 What's up?
04.00 «1001 әзіл»
04.30 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.50 «Ана қадірі» концерт
08.30, 00.50 «Жұлдыздың жары»
09.10 «Измайловский парк»
12.00 Х\ф «Знамение»
15.00 Т/х «Отынды өшірме»
16.40 Нұрболат Абдулиннің «Вальс» концерті
19.00 Т/х «Бастық боламын»
21.00 Сериал «Честная игра»
01.20 Жайдарман
03.20 Т/Х «Япырай»
04.00 «Тамаша»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БӘРЕКЕЛДІ!

«ЖЕТІСУ» РАДИОСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БӘЙГЕДЕ ТОП ЖАРДЫ

АСТАНАДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ ӨТКІЗЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ БАҚ БАЙҚАУЫНЫҢ БИЫЛҒЫ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ. ҮЗДІК ЖОБАЛАР ҚАТАРЫНДА ОБЛЫСТЫҚ «ЖЕТІСУ» РАДИОСЫНЫҢ «ДИДАР ҒАЙЫП» БАҒДАРЛАМАСЫ ДА БАР.



Байқауға қатысушылар өз қаламдарынан туған мақалалары мен шығармаларын, бағдарламалары мен жобаларын додаға ұсынды. Кейіннен ең үздік аталған шығарма авторы топты жарып, еңбегіне сай бағаланды.

Жүлдегерлерді анықтауға Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары Дархан Мыңбай, Жанарбек Әшімжан, қарымды қаламгер, белгілі журналист Қайнар Олжай, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Намазалы Омашев, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Телерадио және қоғаммен байланыс» кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Серікзат Дүйсенғазин қазылық етті.

Биыл жарысқа әр өңірден 75 журналист, 153 шығармашылық еңбек ұсынылған. Соның ішінде «Жетісу» радиосының бас редакторы Мұхит Тоқтасынның «Дидар ғайып» атты төл жобасы үздік теле және радио бағдарлама аталымы бойынша 1-ші орынды иеленді. Бұл тек «Жетісу» радиосының ғана емес, барша жетісулықтардың мақтан етер жеңісі деп айтсақ болады. Жеңімпаз атанған әріптеспен тілдесудің сәті түсті.

– *Радиоға келгеннен бастап, осы ұжымды қалай да бір жетістікке жетелеймін деп алдыма мақсат қойған едім. Өйткені қызметім бас редактор болғандықтан жауапкершілікті сезініп, өзімнен кейінгі іні-қарындастарыма бағыт-бағдар беруім керек деп есептедім. Елдің алдында саламның абыройын арттырып, жеңіс алып келсем деп мақсат тұттым,* – дейді жеңімпаз әріптес ағынан жарылып.

Мұхит Тоқтасын «Дидар ғайып» бағдарламасын радиоға келгелі бері жүргізіп келеді. Ол сұхбат жанрындағы хабар. Яғни, кез келген тұлғамен, әр түрлі тақырыпта әңгіме өрбітеді. Түрлі мекеме басшылары, өңірге жолаушылай қонаққа келген қоғам қайраткерлері, белгілі тұлғалармен келісіп, сыр шертіседі. Сондай сәтті шыққан сұхбаттардың бірін осы байқауға жолдаған.

Биылғы жарыс А.Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналып отырғаны белгілі. Соған орай ол А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтының «Ахметтану» бөлімінің меңгерушісі, профессор Құралай Күдериновамен әңгіме жүргізген. Сұхбат барысында алдағы уақытта көшетін латын әліпбиіне, ұлт ұстазының төте жазуға байланысты оның ғылыми пікірін, ұсынысын біледі. Осылайша, өз саласының нағыз майталманы жақсы бір әңгіме өрбітеді. 2-ші хабарына қоғамда қазақ тіліне байланысты айтылған сын-пікірлерді негізге ала отырып Аятжан Ахметжанұлымен сұхбаттасады. Қазақ тілінің қадірін арттыруға, ел ішінде қордаланып, әбден тозығы жеткен мәселелерді көтермекке, ана тіліміздің сондай шұрайлы, шырайлы тіл екендігін ұрпақ санасына қалай сіңіреміз, ол жерде ұстаздардың рөлі қандай деген секілді сауалдарға жауап алады. Осылайша, сәтті шыққан бағдарламаның екі шығарылымы облыстық байқауға ұсынылады. Қазылар алқасының оң шешімімен жоба – республикаға жолдама алады. Содан кейін елордада қаншама еңбек, төккен тер лайықты бағаланып, топты жарып шығады.

Оның айтуынша, қазақ тілді журналистердің барлығы тіл жанашырлары, мемлекеттік тілді насихаттаушылар болып табылады. Дегенмен соның ішінде арнайы тіл төңірегіндегі өзекті мәселе, өткір ойлар мен сын-пікірлер, ұсыныстар айтылған дүниенің барлығы осы хабарда топтастырылып, тыңдарманға ұсынылды.

– *Бұл жеңіске ұжым болып қуандық. «Жетісу» радиосын білмейтін тыңдармандар әлі де бар. Астанаға марапаттау рәсі-міне барғанда кейбір әріптестерім таң-даныстарын да жасырмады. Себебі Жетісу жерінде «Жетісу» радиосының бар екенін білмепті. Міне, біз, соны бүкіл жұртқа ұжым болып жариялай алдық. Марапат бізді қуантты, марқайтты. Одан әрі жұмыс істеуімізге күш-жігер берді. Жеке бір шығармашылық тұрғыдан да ерекше бір шабыт сыйлады,* – дейді жоба авторы.

Мұхит Тоқтасынның журналистикада елеулі еңбегін сіңіріп, қызмет етіп жүргеніне 12 жылдың жүзі болды. Осы салада жүрген жастардың көбі оның қызмет жолынан үлгі алып, дәл сол секілді болуды армандайды.

Ол радиоға дейін «Жетісу» телеарнасының қабырғасында тележурналист болып жұмыс істеді. Осы уақыт аралығында түрлі республикалық жарыстардан алға шығып, қанжығасына байлаған марапаттары көп. Облыстық «Самғау» байқауында үш мәрте жүлдегер атанды. Ал бұл жолғы марапат оның радиожурналист ретіндегі алғашқы жеңісі.

Жеңімпаз үлкенді-кішілі қандай да бір жетістікке жетсек, оның артында бағыт-бағдар беріп, алға жетелеп жүретін ұстазымыз болады дейді. Бұл жолғы жеңісіндегі ақылшысы, радионың төбе көрсетуіне тікелей себепші болып жүрген ағасы – Есболат Айдабосынның есімін ерекше атады.

«Ол кісінің еңбек жолын білетін жандар, оның мүйізі қарағайдай журналист екенін біледі. Телеарнада да үлкен тәжірибесі бар. Білікті маман ретінде қоғамда өзінің ойып тұрып аларлық орны бар. Ол қазіргі күні білімін радионың өсіп-өркендеуіне, дамуына сарп етіп жұмсап келеді. Соның арқасында әр хабар сұрыптаудан өтіп, жай жасалынып қоймай, талқыланып, үлкен ыждаһаттылықпен әуе толқынына жіберіледі», – дейді М. Тоқтасын.

Шағын ғана ұжымы бар радио халыққа 9 аймақ бойынша толқынмен тәулік бойына әр түрлі хабарлар таратады. Бүгінде жетісулықтар радиодан «Шапағат», «Ғибрат», «Мәссаған», «Білгенге маржан», «Күретамыр», «Ойтолғақ» сынды түрлі жанрдағы бағдарламаларды тыңдап жүр. Жуырда тағы бірнеше жоба әуе толқынына жол тартпақ. Бұл туралы «Жетісу» радиосының жетекшісі Есболат Айдабосын былай дейді:

– *Радионың негізгі бағыты – ақпараттық-танымдық. Қазақтың ұлттық, рухани дүниелерін көбірек насихаттауға басымдылық беріледі. Таңғы ақпараттық-сауықтық хабар, түрлі саладағы тұлғалармен сұхбат, көңілге ой салар танымдық бағдарламалар, әсем ән, әуезді күй, маңызды әрі қызықты жаңалықтар легін де тұрғындар «Жетісу» радиосынан тыңдайды деген сенімдеміз.*

Әр бағытта түрлі бағдарламалар бар. Біз маусым-маусыммен жұмыс істеп отырамыз. Хабарлардың ішінде қандай керемет жобалар болса да, маусым уақыты аяқталған соң жаңа туындыларды дайындаймыз. Солайша бағдарламалар қысқарып, әрі жаңарып отырады. Сонымен қатар радионың ең басты ерекшелігі – тек қазақ тілінде хабар таратады. Мұнан бір тыңдарман болсын өзіне керегін алса, ол біз үшін жетістік. Сол үшін талмай, қызмет етіп жатырмыз.

«Жетісу» радиосы мен телеарнасы құстың қос қанатындай шарықтап келеді. Телеарна көгілдір экран арқылы көптеген хабар таратса, радио әуе толқыны арқылы тыңдармандарға қажетті дүниені ұсынып отыр. Бүгінде радиоарнаны біраз адам біліп қалды. Өйткені редакцияға қоңырау шалып, сұхбат берейікші, айтар ойымыз бар еді дейтін жандардың қарасы көп. Әрине, ол бізді қуантады. Сәтін салса, осы әуе толқыны арқылы керемет дүниелерді мұрағатқа сақтап қалсақ деп қарекет етіп жүрміз.

Бүгінде жаңа маусымға күннен-күнге судай жаңа хабарлар қосылуда. Мәселен, 15 бағыттағы авторлық бағдарлама бар. Облыстың ақпараттық-танымдық саясатын іске асырушы ақпарат құралы болғандықтан ақпараттық та, танымдық хабарлар да, ұлттық, тіпті балаларға арналған дүниелер де дайындалуда. Болашақта «Жетісу» радиосының толқыны жетісу жерінің барлық аумағында таралады. Қазір осы бағытта техникалық және құжаттандыру жұмысы жүргізілуде.

Радионың бұқаралық ақпарат құралы ретінде мәні мен маңызы уақыт өткен сайын арта түсуде, қазіргі радиоэфир бір мезгілде миллиондаған адамға жетіп, қажетті ақпаратпен халықты құлақтандырады. Миллиондардың санасына ықпал етіп, пікір тудыра алады. Шет елдерде тұрғындар көбінде радионың қызметін көп пайдаланады. Кез келген жерде дүкендерде, көлікте, тіпті үйде отырған жандар да тек радионы тыңдайды. Себебі олардың түсінігінде, басқа ақпарат құралдарына қарағанда радио – өте жылдам әрі нақты хабар таратушы.

«Жетісу» радиосы да үздіксіз еңбек пен талпыныстың арқасында тыңдармандарға жедел ақпарат пен жобаларды ұсынып келеді. Осы орайда радиоарнаның әр хабары халықтың көңілінен шығып жүр. Соның ішінде «Дидар ғайып» бағдарламасы кімнің болмасын қызығушылығын туғызбай қоймайды. Әр түрлі бағыттағы жанр, түрлі тақырыптар мен кейіпкерлер тыңдарманды бірден өзіне тартады. Елге қызмет етіп жүрген Мұхит Тоқтасындай әріптесімізге алдағы уақытта да қаламы қарымды болып, игі істер атқарып, тіл жанашыры болып жүре беруін тілейміз.

Арайлым НҰРЖАПАР

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ШАРА

АҚЫН МУЗЕЙІ ЭКСПОНАТТАРМЕН ТОЛЫҚТЫ

І.ЖАНСҮГІРОВ ӘДЕБИ МУЗЕЙІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА «ЖАҚСЫНЫҢ ЖАЛҒАСЫ» АТТЫ ҚАЛАМГЕР І.ЖАНСҮГІРОВТІҢ ҰРПАҚТАРЫМЕН КЕЗДЕСУ КЕШІ ӨТТІ.

Ілияс Жансүгіровтің мұраларын толықтыру, жинастыру мақсатында ұйымдастырылған шараға ақынның қызы І.Жансүгірқызы немересі Ф.Жандосова, келіні Қ.Қаңтарбаева және отбасы мүшелері қатысты. Кеш барысында қазақ поэзиясының классигі Ілияс Жансүгіровтің бай мұрасын насихаттау жұмыстары талқыланып, ақынның шығармашылық мұрасы мен өмір жолының жарқын тұстары жайында әңгіме өрбіді.

Шара соңында ақынның ұлы Саят Ілиясұлы әкесінің жеке заттары мен қолжазбаларын, кітаптарын, ордендер мен медальдарын және отбасылық суреттерін әдеби музей қорына табыстады.

Н. ЖАУНБАЕВА,
І. Жансүгіровтің әдеби музейінің меңгерушісі.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

«КӨГІЛДІРЛЕРДІҢ» КІТАБЫ САТЫЛЫМДА ТҰР

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», – деп толғанған хәкім Абайдың даналығы бүгінгі таңда күнкөріс қамымен бас ауыртып кеткен көпшілікті бөлендей мазалай қоймайтын сияқты. Елге қызмет етуді мінезден екенін атап өткен ұлт көсемі Әлиханның сөзін де бірі білсе мыңы білмейді-ау!

Бұлай деп ой топшылауға, әрине, тарқатып айтар болсақ, мысал көп. Дей тұрғанмен біз жақында ғана орын алған бір жағдайды ғана айшықтайық. Қазақ әдебиетіндегі кесек-кесек шығармалармен азды-көп сусындаған, ұлт пен тіл, діл дегенде бір тамыры артық соғатын Мөлдір Қуандық есімді қазақтың қаракөз қызы бар. Бұрымының өзін бағыздыға Данагүл, Айғанымдарға еліктеп отырып өретін сол қыз әлеуметтік желіге көгілдірлердің өмірін насихаттайтын кітапты салды. Әрине, жарнамалап емес, «жанайқайға» басып. Қос еркектің сұлбасын мұқабаға басқан аталмыш кітаптарды «Меломан» сауда дүкені сатылымға шығарыпты. Рухани шығармаларды насихаттап келе жатқан сауда дүкенінінің табан астында өзге сүрлеуге түсіп, арсыздықтың асқан шегі саналатын «көгілдірлер» әлемін әңгімелеп берер кітаптарды жарнамалай бастағанына таңданысын жасырмады.

Ұлттың күретамыры, текті тегершігі болған төл әдебиетіміздегі ұлы шығармаларды жастарға дұрыс насихаттап, «кітап оқу» мәдениетін қалыптасыра алмай отырған уақытта батыстан тағы бір қара бұлт қаптап келді. Апайтөс Алматыдағы дүкенге келіп түскен гейлердің өмірі жайлы жазылған кітаптың қазақ оқырманына керегі қаншалықты деп ойландық. Түршіктік, тітіркендік.

«Меломан» сауда дүкенінде сатылымда тұрған "көгілдірлер" кітабының нақты санын айта алмаймыз. Дегенмен, Эл Си Розен, Кевин Ван Уай, Фил Стэмпер, Люси Даймонд, Тилли Коул, Эмма Скотт, Андре Асиман сынды шетел авторларының орыс тілінде басылған «Назови меня своим именем», «В открытое небо», «Найди меня», «Легерь», «Встречайся со мной, Брайсон Келлер» «Сила нашего притяжения» кітаптары сөреде сіресіп тұр.

Аталған сауда желісінің мамандарымен сөйлесіп, мұндай кітапты қазақ қоғамында еркін әрі ашық сатылымға шығарғаны үшін үстінен шағым түсіріп, тиісті жерге арыздану жайлы да ескертулер айтылуда. Мұны біз де қуаттап, тиісінше сатылымнан алып тастауға, ендігіде мұндай «шіріген қоғамның» күлқоқысын қазақтың руханиятына жолатпауға күш салайық деп едік.

Алайда дүкен иелері: «Сатылымнан алып тастай алмаймыз. Бұл тек үлкендерге сатылатын кітап. Бүлдіршіндерге берілмейді. 18+ белгісі тұрған жоқ па?!» – деп жауап қатты.

Осынау қысқаша диалогтан кейін «қазақтың қазаққа жаны ашымауы осындай елеусіз дүниеден басталады екен-ау» деген ойға қалдық. Өйткені, бізге осынау жауапты берген де қазақтың баласы еді. Онымен қоса бұл сорақы кітаптар орыс тілінде басылды дегенмен, бүгінгі қазақ оқырманының дені орыс тілінде кітап оқып, әлем әдебиетінің классикалық туындыларын сол тілде тілшелеп жатқан жоқ па? Орыс тілінде сөйлеуді мақтан көріп жүрген қалалық жастардың көпшілігі қазақ тілінде басылған кітаптарға жоламайтынын тағы ескеріңіз.

Еркектің еркекке, әйелдің әйелге үйір болуы бүгінгі күні пайда болған жайт емес. Бұл сорақылықтың түп бастауы Лут қауымына барып тірелетінін дін тарихынан хабары бар ел біледі. Байлық пен берекатты ғұмырдан безініп, ләззат атаулының бәрінен жалыққан Лут қауымы ақырында еркек пен әйелді талғамайтын күйге жеткен. Тиісінше Жаратқанның қаһарына ұшырап, жермен жексен болған. Ал бүгінгі күні қазақ қоғамында мұндай адамдарды «рухани мешел» жандар деп бағалайтындар да бар.

Қалай бағаласақ та, бұл айуандық қатынасқа нақты тыйым салатын заң да болмай тұр. Біржыныстыларға шек қоя алмаған билік тәрбиесін түзден алған қазақ баласына кейін тәйт дей ала ма? Қазақ руханиятының бесігі болған Алматының қақ төріне тексіздікті тәлім еткен кітап келгенде мінезін көрсетпеген сатушыдан бастап, осынау жайтқа «көзжұмбайлық» жасап отырғандар ертең ұлтқа қызмет еттім деп айта ала ма?! Бұл сауалдардың да, «көгілдірлер» кітабын жарнамалаған зауалдың да түбінде сұрауы болары хақ.

Арда БИ

МАМАН МІНБЕРІ

ИГІ ІСТІҢ БАСЫ – ТІЛ

Деректерге сүйенсек, әлемде 6 мыңнан аса тіл қолданылса, соның ішінде тек 600-ге жуығы ғана көпшілікке қажет тіл екен. Ал, қалғандарының өлі тілге қосылу қаупі жоғары көрінеді.Себебі ағылшын, қытай, орыс тілдерінің ықпалында қалған елдер өз тілдерінде түсінісуді сиретіп, өзгенің шылауында кетіп бара жатқаны құпия емес. Мұндай қатердің алдын алу үшін ұлттың өз құндылығына деген жанашырлығы, қамқорлығы керек. Осы орайда, мемлекеттік тіл болып табылатынына қарамастан, қазақ тілі де қолдану аясын барынша кеңейте түсуге мұқтаж екені құпия емес.

Ұлттың ең бірінші, ең қасиетті сипаты – оның ана тілі. Ұлт анасы, игі істің басы тіл болып есептеледі. Адамзаттың қолындағы барлық асыл заттары тозады, жоғалады, ал тіл тозбайтын ең қымбат мұралардың бірі. Қазақтың біртуар ақыны М.Жұмабаев: «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады», деп атап көрсеткен екен. Демек, ұлттың болашағы, елдіктің ертеңі, ұрпақтың келешегін ойлаған әрбір саналы азамат бұл мәселеге бей-жай қарамауы керек. Егемендігімізді алғаннан кейін мәдениетімізге, әдебиетімізге, салтдәстүрімізге, тілімізге айрықша мән беріліп келетіні аян. Отанға деген құрмет пен сүйіспеншілік – ана тілден бастау алады. Қазіргі өмірде елімізде қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтуге де, мемлекеттік тілді дамыта түсуге ешқандай кедергі жоқ.

Көп тілді меңгеру мәселесіндегі басты шарт – адамның өзінің ішкі ой-ниеті мен қажеттілігі. Жетпей тұрғаны – адамдардың ықыласының аздығы. Осы ықыласты оятып, қазақ тілін қоғамдағы бірінші қажеттілікке айналдыруға ұмтылған абзал. Сондықтан ана тілін жетік меңгермеген қандастарымыз шындап ықылас қойса ана тілін міндетті түрде меңгеріп кетері таласссыз. Тек, ынта мен ықылас және төзімділік қана қажет. Оны былай қойғанда, өзге ұлт өкілдері де табандылықпен үйренудің арқасында қазақ тілін тәп тәуір меңгеріп жатқаны жайлы да мысалдар аз емес. Өйткені, бізде өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді үйретуге қолайлы жағдайлар туғызылып жатыр. Бұған дәлел барлық жерде мемлекеттік тілді оқыту орталықтары ашылып, өз бетінше тіл үйренушілерге арналған аудио және бейне таспалар, оқулықтар, сөздіктер шығарылуда. Мұның бәрі тіл үйренем дегендерге нақты көмек көрсету құралдары болып табылады. Бір сөзбен айтқанда көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар мемлекеттік тілді осындай қамқорлықтың арқасында тәп-тәуір меңгеріп кетеді. Сондықтан өзге тілдің бәрін білсек те, өз тілімізді ұмытпасақ нұр үстіне нұр болар.

Таңжарық МЕЙІРХАН,
Талдықорған қалалық сотының жетекші маманы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ВЫБОРЫ

ВНЕОЧЕРЕДНЫЕ ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА РК

20 НОЯБРЯ В КАЗАХСТАНЕ СОСТОЯТСЯ ВНЕОЧЕРЕДНЫЕ ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА, СООБЩАЕТ ZAKON.KZ. СООТВЕТСТВУЮЩИЙ УКАЗ ПОДПИСАЛ КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ 21 СЕНТЯБРЯ.

Назначить внеочередные выборы президента РК на 20 ноября 2022 года. Центральной избирательной комиссии обеспечить организацию и проведение внеочередных президентских выборов. Правительству принять необходимые меры по организационному, материально-техническому и финансовому обеспечению внеочередных президентских выборов. Акимам городов Астаны, Алматы, Шымкента и областей обеспечить своевременное составление и достоверность списков граждан, обладающих избирательным правом, оказывать всемерное содействие Центральной, территориальным и участковым избирательным комиссиям в решении вопросов организации и проведения внеочередных президентских выборов, — говорится в Указе.

Указ вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

16 сентября на совместном заседании палат Парламента были одобрены поправки в Конституцию о президентских выборах. Теперь в Казахстане президент будет избираться один раз на семь лет.

1 сентября президент Касым-Жомарт Токаев выступил с Посланием народу Казахстана, в котором предложил провести осенью 2022 года внеочередные выборы президента. Также глава государства предложил провести выборы в Парламент и маслихаты в первой половине 2023 года.

9 июня 2019 года в Казахстане прошли внеочередные выборы президента. Тогда общая явка избирателей по стране составила 77,4%

БИЗНЕС

ПРОГРАММА «СЕРЕБРЯНЫЙ ВОЗРАСТ»

КАК ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА ВЕДОМСТВА, ЭКСПЕРТ РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ «АТАМЕКЕН», НУРБИКЕ РАХИМОВА РАССКАЗАЛА О СОЦИАЛЬНОЙ ПРОГРАММЕ «СЕРЕБРЯНЫЙ ВОЗРАСТ» И О ТОМ, КАК РАБОТОДАТЕЛИ МОГУТ ПРИНЯТЬ УЧАСТИЕ В ПРОГРАММЕ.

Задача программы – трудоустройство людей предпенсионного возраста. В рамках социальной программы будут созданы рабочие места для граждан, которым до выхода на пенсию осталось 2 года.

«Это – социальный проект. Часто, люди от 50 лет и старше имеют проблемы с трудоустройством. Работодатели ищут более молодых, мобильных сотрудников. По социальной программе работодатель берет на работу человека в возрасте 58 лет и старше. Расходы на зарплату сотрудника будет субсидировать государство. Субсидия составит 50% от размера зарплаты, но не более 30 МРП», – отметила Нурбике Рахимова.

Субсидирование заработной платы по проекту «Серебряный возраст» составит не более 12 месяцев.

Для этого безработный должен подать в Центр занятости населения заявление по форме с приложением соответствующих документов:

1) документ, удостоверяющий личность;
2) трудовая книжка (при наличии);
3) документ об образовании (при наличии).

«Финансирование началось в июле 2022 года, сам проект заработал в августе. В Алматы поступили 67 заявок от предприятий, по 60 рабочим местам заключены договора. Ещё 21 предприятие с 70 свободными рабочими местами стоит в очереди. Пока в проекте участвуют представители малого бизнеса», – добавила Нурбике Рахимова.

Как рассказала специалист, больше всего проект подойдёт тем, кому требуются соцработники, сиделки, консультанты по социальной работе, повара, швеи и так далее. Нурбике Рахимова подчеркнула, что проект на стартовой стадии, поэтому его эффективность будет понятна со временем.

«Социальные проекты решают серьезные вопросы. В данном случае программа «Серебряный возраст» помогает людям старшего возраста адаптироваться к новым реалиям рынка труда, найти подходящую для себя работу. Работодатель получает поддержку от государства в виде субсидирования заработной платы работника. Мы уже видим первые плоды», – отметил директор палаты предпринимателей города Алматы Айтуар Кошмамбетов.

Ш. ХАМИТОВ.

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

УЧЕТ ПОСЕЩЕНИЙ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ПОЛИЦИЕЙ

Как сообщает пресс-служба городской палаты предпринимателей, по инициативе палаты предпринимателей «Атамекен» г. Алматы полицией будет вестись учет посещений предпринимателей.

На встрече с предпринимателями аким города Алматы Ерболат Досаев поручил местными исполнительными органами усилить работу в сфере защиты интересов бизнес субъектов.

Подобный учет уже работает в Медеуском районе по инициативе прокуратуры района и палаты предпринимателей города. Внутренним документом сотрудников местной полицейской службы Медеуского района обязали фиксировать каждое посещение предпринимателей, внося сведения о причинах проверки, ее результатах и возможностью предпринимателя оставить отзыв. Положительный опыт прокуратурой и управления полиции переняли другие районы, приняв аналогичные меры по регулированию и учету посещений субъектов бизнеса.

Одним из распространенных видов контроля предпринимателей являются проверки со стороны полиции. По закону они не подлежат регистрации в органах правовой статистики и фактически отсутствует какой-либо учет их посещения (за исключением проверок по линии миграции и ЛРС), что может создать условия для необоснованного вмешательства и проверок субъектов бизнеса.

«После встречи акима с бизнес-сообществом мы определили приоритеты взаимодействия с местными исполнительными органами. Пилотный проект был запущен в Медеуском районе. Спустя месяц данную инициативу поддержали коллеги из других районов. Теперь учет посещений предпринимателей полицией будет вестись по всему городу», – отметил директор Медеуского филиала РПП г. Алматы Айбек Казыкенов.

Кроме того, Управлением комитета по правовой статистике и специальным учетам по г. Алматы предложено рассмотреть вопрос цифровизации данного процесса. Мера повысит ответственность сотрудников полиции, позволит минимизировать необоснованные проверки и осуществлять контроль за руководством и надзорным органом.

Ш. ХАМИТОВ.

ДТП

МЕДИКИ ПОСТРАДАЛИ

Два врача погибли и восемь медиков пострадали в ДТП в Балхаше. Министерство здравоохранения РК выражает глубокие соболезнования в связи с гибелью двух врачей в ДТП в Карагандинской области, передаёт BaigeNews.kz.

ДТП произошло возле поселка Сарышаган в Актогайском районе, сообщает пресс-служба ведомства.

В ДТП погибли два врача и пострадали восемь медицинских работников поликлиники Балхаша ТОО «Медицинский центр Жезказган». Врачи возвращались с профосмотра работников компании «Казахмыс» в Балхаше, когда автобус, перевозивший их, столкнулся с грузовой автомашиной марки МАЗ", — пояснили в Минздраве.

Министерство приносит глубокие соболезнования родным и близким безвременно ушедших Кенжехановой Виктории Ислямовны (отоларинголог) и Кыстаубаевой Бакыт Рашитовны (врач-офтальмолог).

«Они были настоящими профессионалами, отдавшими охране здоровья граждан десятки лет. Здравоохранение региона понесло невосполнимую утрату», - отметили в Минздраве.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

ПАРААТЛЕТТЕР ЖҮЛДЕГЕ ИЕ БОЛДЫ

11-18 қыркүйек аралығында Марракеш (Марокко) қаласында пара жеңіл атлетикадан әлемдік Гран-При сериясының жарыстары өтті. Бұл туралы «Алатау» газеті Спорт және дене шынықтыру істері комитетіне сілтеме жасап хабарлайды.

Жарысқа әлемнің 40 мемлекетінен 400-ден астам спортшы қатысты. Гран-При жарысына Қазақстан тарапынан 13 спортшы қатысып, 7 медальға қол жеткізді: 4 «күміс» және 3 «қола». Күміс жүлдегерлер: Руфат Хабибули – 100 м жүгіру, Т-64; Әсем Жанәділова – найза лақтыру, F-57; Есболат Балбаев – ядро итеру, F-53; Гүлбақыт Қайыржанова – найза лақтыру, F-12;

Қола жүлдегерлер: Еламан Жоламан – найза лақтыру, F-35; Әсем Жанәділова – диск лақтыру F-57; Есболат Балбаев – найза лақтыру, F-53.

«Пара жеңіл атлетикадан әлемдік Гран-При жарыстарында қазақстандық спортшылар лайықты деңгейде өнер көрсетіп, қанжығаға 7 медаль байлады. Бұл 2023 жылы Париж қаласында өтетін әлем чемпионатының алдындағы ірі рейтингтік жарыс. Жарыс барысында еліміздің 3 спортшысы халықаралық классификациядан өтіп, өз спорттық кластарын алды: Жанәділова Әсем - F-57, Төлегенов Нәжмиден – T/F-35 және Исатаев Нұрлыбек - F-4. Паралимпиадалық жарыстардағы спорттық класстың басты мақсаты – спортшыларды дене мүмкіндігінің шектеулігіне байланысты арнайы топтарға бөліп, спорттық жарысты әділ ұйымдастыру», – деді Дене мүкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығының команда басшысы Мәулен Нәсіпқали.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ЖҮЗУ СПОРТЫ

ДМИТРИЙ БАЛЛАНДИН МАНСАБЫН АЯҚТАДЫ

РИО-ДЕ-ЖАНЕЙРО ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ ДМИТРИЙ БАЛАНДИН 27 ЖАСЫНДА МАНСАБЫН АЯҚТАУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ІСТЕРІ КОМИТЕТІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Самат Ерғалиев қазақстандық спортшы, жүзуден Олимпиада чемпионы Дмитрий Баландин және Ұлттық құрамасының бас бапкері Илья Гусаковпен кездескен. Олар су спорты түрлерінің қазіргі жағдайы мен даму барысын айтып, біраз жоспарларды талқыға салды. Ведомство таратқан ақпаратқа сәйкес, Дмитрий Баландин спорттағы карьерасын аяқтап, бапкерлікке бет бұрған. Комитет төрағасы өз кезегінде Дмитрий Баландин дайындаған жас спортшылардан әлі талай чемпиондардың шығатынына сенетінін жеткізді. «Барлық спортшылар өзің секілді Олимпиада шыңын бағындырғаннан кейін, спорттан алыстамай, сол саланың дамуына үлес қосуы керек. Сенің бапкер болуға деген ниетіңді ел спортына деген жанашырлығың деп білемін. Біз өз тарапымыздан қашанда қолдауға дайынбыз», – деді Самат Ерғалиев. Айта кетелік, Дмитрий Баландин жүзу спортынан Олимпиада чемпионы атанған Қазақстан тарихындағы тұңғыш спортшы. Ол 2016 жылы Риода өткен Олимпиада ойындарында брасс әдісімен 200 метрге жүзуден чемпион атанды.

ЕРКІН КҮРЕС

ДӘУЛЕТКЕ ДӘН РИЗАМЫЗ

Күрес түрлерінен Белградта өткен әлем чемпионаты барысында Біріккен күрес әлемінің (UWW) президенті, Халықаралық Олимпиада комитетінің (ХОК) атқару комитетінің мүшесі Ненад Лалович қазақ балуаны Дәулет Шабанбайға Олимпиада ойындарының қола медалін салтанатты түрде табыс етті.

Дәулеттің қандай мықты балуан екенін жанкүйерлер жақсы біледі. 96 және 125 кило салмақ дәрежелерінде күш сынасқан ол еркін күрестен өткен көптеген республикалық және халықаралық жарыста атой салды. 2008-2016 жылдар аралығында Азия чемпионатында төрт күміс және бір қола медальды иеленді. 2014 жылы Азия ойындарында қандасымыздың жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілуіне тамаша мүмкіндігі болды. Небір мықты қарсыластарды жолынан ығыстырған Шабанбай финалда Иранның атақты балуаны Парвиз Хадидке есе жіберді. Нәтижесінде жерлесіміз күміс медальды мойнына ілді.

2012 жылы Лондонда алауы тұтанған Олимпиада ойындарын жап-жақсы бастаған Дәулет шешуші тұста ұтылып, бесінші орында қалып қойды. Бірақ арада бірер жыл өткеннен соң бас жүлдені олжалаған өзбекстандық Артур Таймазов пен күміс жүлдені иеленген грузиялық Давид Модзманашвилидің допинг қолданғаны анықталып, олар өз атақтарынан айырылды. Соның нәтижесінде ирандық Комейл Гасеми мен ресейлік Білəл Маховтың екеуі де Олимпиада ойындарының жеңімпазы деп танылса, қазақстандық Дәулет Шабанбайға қола медаль табыс етілді. Дәл сондай жүлдені америкалық Тервел Длагнев те иеленді. Осылайша, араға 10 жыл салып, ғаламдық доданың медальдары өз иелерін тапты. Ал қазақ жанкүйерлері Дәулет үшін дән риза.

СТРЕНДЛИФТИНГ

АРДАГЕР ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

ЖАҚЫНДА ҚЫРҒЫЗСТАННЫҢ ЫСТЫҚКӨЛІНДЕ СТРЕНДЛИФТИНГ СПОРТЫНАН ТОҒЫЗЫНШЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТТІ.

Ауыр атлетикаға ұқсас осы спорт Қазақстанда да дами бастады. Елімізде қол күресі мен гір спортының негізін қалаушы, 1992-2004 жылдары Халықаралық гір спорты федерациясының вице-президенті, 2004-2012 жылдар аралығында Бүкіләлемдік армрестлинг федерациясының вице-президенті қызметін атқарып, қол күресінен дүние жүзінің үш дүркін чемпионы атанған, Алматыда, Өскеменде қол күресі мен гір спортынан әлем, Азия біріншіліктерін абыроймен өткізіп, осы спорт түрлерінің Қазақстанда, Азияда, әлемде өркендеуіне ерекше үлес қосқан Мұхамедолла Ағзамов жасы жетпістен асса да алпыс жастағы ардагерлер арасында 95 кило салмақта стрендлифтингтен әлем чемпионы атанды. Айта кету керек, М.Ағзамов – спорттың әртүрлі, өзара ұқсас емес екі түрінен әлем чемпионы атанған Қазақстандағы жалғыз атлет.

Қыркүйектің 5-і мен 10-ы аралығында Ыстықкөлде жалауы желбіреген әлем чемпионатында Қазақ елінен барған үш спортшы да намысты қолдан бермей, алтыннан алқа тақты. Атап айтқанда, Мұхамедолла Ағзамовтың жеңісті жолын Марат Марденов пен Иван Мальков 68 және 76 кило салмақтарда жалғастырды. М.Ағзамовтың ұлы Жүрсін Ағзамов ересектер арасында 115 кило салмақта қола медаль иеленді. Талантты ұстаздың ұлы осы жолы тағы бір құрметке ие болды. Дүниежүзілік стрендлифтинг федерациясының президенті Бабул Бикас Патрабанистың ұсынысымен Жүрсін Ағзамов осы федерацияның вице-президенті болып сайланды. Демек болашағы зор спорт түрі Қазақстанда дами түспек.

Стрендлифтинг – болашағы зор спорт. Ол Үндістанда дүниеге келді. Қазірдің өзінде әлемнің елуден астам мемлекетінің адамдары стрендлифтингпен шұғылданады. Ауыр атлетикамен ағайындас, бірақ одан да күрделі спорт түрі болашақта Олимпиада бағдарламасына еніп жатса, таңғалмау керек. Яғни спорттың осы түрін Қазақ елі де жатсынбауы керек, – дейді М.Ағзамов.

ТЕННИС

ҮШ ОЙЫНДА ҰТЫЛДЫ

Шотландияның Глазго қаласында өткен Дэвис кубогы жолындағы жарыста Қазақстан құрамасы сәтсіз өнер көрсетті. D тобындағы түсаукесер кездесуінде Нидерланд құрамасынан ұтылған жерлестеріміз одан кейін АҚШ-қа есе жіберді.

Дүниежүзілік рейтингте 214-орында тұрған Михаил Кукушкин Томми Полмен күш сынасты. Әлемнің 29-ракеткасы жерлесімізді еш қиналмай жеңді – 6:1, 6:4. Келесі ойында Александр Бублик таразы басын теңестіретін шығар деп үміттендік. Ол биылғы Уимблдон турнирінде ширек финалға дейін жеткен Тейлор Фрицпен шеберлік байқасты. Отандасымыз АТР рейтингінде 12-орынға тұрақтаған АҚШ-тың ең үздік ойыншысының осал тұсын таба алмады – 6:7, 6:1, 3:6. Жұптық сайыста Бублик пен Александр Недовесов Раджив Рам мен Джек Сокты сан соқтырғанымен, жеңіс американдықтардың уысында кетті. Қорытынды есеп – 1:2.

Қатарынан екі кездесуде ұтылған Қазақстан құрамасы соңғы матчта Ұлыбританиямен күш сынасты. Бұл бәсекеде де жерлестеріміз жеңілістің кермек дәмін татты. Атап айтсақ, Дмитрий Попко Энди Маррейден ұтылды – 4:6, 3:6. Александр Бублик Кэмерон Норриден басым түсті – 6:4, 6:3. Ал жұптық бәсекеде Бублик пен оның аттасы Александр Недовесов Джо Солсбери мен Нил Скупскиге есе жіберді – 6:7, 7:6, 6:7.

ШАХМАТ

БІРІНШІ КЕЗЕҢ БАСТАЛДЫ

Елордада шахматтан әйелдер арасындағы 2022/23 жылғы Гран-при жарысының бірінші кезеңі басталды. 30 қыркүйекке дейін жалғасатын халықаралық турнирде әлемнің ең үздік деген 12 спортшысы бақ сынап жатыр.

Өз елімізде ұйымдастырылып жатқан Women Grand Prix 2022 турниріне Қазақстан құрамасы сапынан былтырғы жылдам шахматтан (блиц) әлем чемпионатының жеңімпазы Бибісара Асаубаева мен талай бәсекеде топ жарған халықаралық дәрежедегі гроссмейстер Жансая Әбдімәлік қатысып, ел намысын қорғауда.

Турнирдің жалпы жүлде қоры 200 миллион теңгені құрайды. Бірінші орынға ие болған шахматшыға 15 мың еуро мен 160 ұпай беріледі. Ал екінші орын алған спортшы 12 мың еуро мен 130 рейтингтік ұпайға қол жеткізсе, үшінші орынға ие болған спортшы 10 мың еуро мен 110 ұпайға иелік етеді.

Материалдар «egemen.kz» сайтынан алынды

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ОҚУШЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Табиғат – адам баласын дүниеге келтіріп, бойындағы бар махаббат мейірімін, күн шуағын жүрегімізге ұялатқан аяулы орта. Адамның бойына қуат, көңіліне шабыт, сезіміне ләззат шапағатын ұялататын сұлулық пен әсемдік әлемі.

ТАБИҒАТ – ТІРШІЛІКТІҢ ҚҰТ-БЕРЕКЕСІ

Оның ғажайып әсемдігін көз алдыма елестете отырып, керемет бір сезімге бөленемін. Табиғаттың бар әсемдігін, кереметін, оның әрбір әсерін сөзбен де, жазумен де жеткізу оңай емес. Оның керемет көрінісі жанымды тербетеді.

Ерте кездерде халқымыз табиғаттың кейбір туындыларын киелі, қасиетті деп ұғып, оларға залал келтіруге, жоюға болмайтынын насихаттаған. Сонымен бірге табиғат пен адамды біртұтас деп қараған. Сондықтан адам табиғаттан өз керегін алып, қалғанына еш уақытта зиянын тигізбеген. Халық табиғаттағы өздері қастерлеген жерлерді «әулие бұлақ», «әулие ағаш» деп атап, оларды көздің қарашығындай қорғап отырған. Ал қарлығаш, аққу, ұлар, секілді құстарды жақсылықтың жаршысы, бақыттың бастамасы, игіліктің иесі деп ұясын бұзуға, балапанын, не өздерін өлтіруге мүлде рұқсат етпеген.

Жер бетіндегі барлық тіршілік атаулы табиғат анаға қарыз. Сондықтан да оған немқұрайлы қарау, онымен санаспау – ана сүтін ақтамағанмен пара-пар. Адам баласы табиғаттың ұлы перзенті болуымен бірге, ең ұлы қамқоршысы да екенін ешқашан естен шығармауымыз керек.

Табиғат – ол өсімдік, жасыл желек, көк майса құрақ, қызыл-жасыл гүлдер. Өсімдік ашыққанда тамақ, шөлдегенде – сусын, ыстықта көлеңке сая, суықта пана, ауырғанда – дәрі.

Ол – тіршілік көзі, әрбір бөлшегі адам өмірінде үлкен міндет атқарады. Онсыз осы ғаламда өмір сүру, тіршілік ету мүмкін емес. Жыл мезгілдерінің өзгеруі де, табиғатты одан әрі әсерлейді. Әр жыл мезгілі әр қилы. Төрт жыл мезгілі бізге төрт түрлі ғажайып күй сыйлайды.

Таудан арқырап аққан өзеннің айналасында көзіңе оттай басылған жануарларды көрудің өзі керемет көрініс емес пе?! Баубақшада өскен жеміс-жидектердің иісі мұрын жарады. Жайқалып өскен гүлдер өз кереметтігін сыйға тартады. Күннің көзі түскенде жердің жүзі қуана қыбырлайды. Көлдер қойнын ашса, қаңқылдап оған құстар қонады. Міне, осы сұлулықты, әсемдікті жоғалтпай қастерлеуіміз керек. Бұл жайында халқымыздың қалдырған тағылымдық, тәрбиелік мәні зор «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын», «Бұлақ көрсең, көзін аш», «Бір тал кессең, он тал ек» деген ұлағатты сөздері қазіргі ұрпаққа үлгі-өнеге.

Осы орайда ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың: «Туған жердің тағдыры толғантпаған, жаны тебіреніп, ол туралы ойламаған жігітті қайтіп азамат дейміз? Туған жердің қара тасын мақтан ете білмеген азамат бөгде жердің алтын тасын да мақтап жарытпақ емес» деген сөзі еріксіз ойға оралады. Ендеше елім, жерім деген жас ұрпақ өз туған жерінің тағдырына немқұрайлы қарамай, қоршаған ортаның тазалығына атсалысуы тиіс.

Табиғаттың адам үшін маңызы зор. Қазіргі таңда табиғатты қорғаудың түрлі жолдары қарастырылған. Бірінші жолы, түрлі заңдар шығарып, оны жүзеге асыру. Ұлттық парктер, қорықтар санын молайту. Әрі «Қызыл кітапқа» енген өсімдік, жануар түрлерін қорғап, көбейту. Табиғатты тиімді және ұқыпты пайдалану. «Жасыл ел» ұйымының жұмысын нығайту, жандандыру.

Өлкелерді көгалдандыру жұмысы жүргізілсе екен деймін. Адамның ағзасының нашарлауы шаң-тозаң, қатты суық және ыстық желдерден, микроб, түтін, улы газдар мен бактериялардан басталады. Туған өлкемізге қайың, қарағай, емен, шырша секілді ағаш түрлері көбірек егілсе деп ойлаймын.

Біз жас ұрпақ атадан балаға мирас болып келе жатқан табиғатымызды көздің қарашығындай сақтап, жер анамызды аялап, келер ұрпаққа таза күйінде қалдыруымыз керек.

Жібек ШЕРМҰХАНБЕТ,
Жетісу орта мектебінің 9-сынып оқушысы.
ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ

Құттықтаймыз!

Мерейлі 60 жас

Талдықорған қаласының тұрғыны

Райхан Қызтайқызын

60-жасқа толған мерейлі мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Отбасының ұйытқысы болған, аяулы жарға ұзақ ғұмыр тілейміз!

Бұл өмірдің өзіңсің,
Қыз Жібегі, Баяны.
Екі отызға толыпсың,
Ару қайың саялы.
Алла берсе 100-ге жет.
Алақаның аялы.
Құтты болсын Райханжан,
Қыздың жасын білесің,
18-ғой, баяғы!

Ибраимовтар отбасы

ТӘМСІЛ

ТАБАНДЫЛЫҚТЫҢ НӘТИЖЕСІ

Өткен замандарда бір медреседе оқитын бала болыпты. Өте білікті ұстаздардан дәріс алса да, қанша талпынса да, сабақты түсінуде қиналып, өзімен қатар оқып жүрген балалардан кері қалып жүреді. Бұл жағдайға өзі қатты қынжылатын. Озат балалар кейде оны «дәлду» деп те келеке ететін. Бір күні шыдамы таусылып: «Демек, сабақ оқу менің қолымнан келмейді. Мен одан да ауылға барып, егіншілікпен айналысайын» деп ойлап, таңертеңгісін ерте жолға шығады. Ұзақ жол жүреді. Шаршағандықтан жүруге әлі қалмайды. Күннің ыстығынан қорғана тынығатын тым болмаса ағаш та шықпайды. Осылай келе жатып үңгірге кезігеді. Жылан немесе жыртқыш аң бар шығар деп кіруге бата алмай кідіргенімен, әлсіздік алға сүйреп қалай кіріп кеткенін аңғармай қалады. Қорқатындай ештеңе жоқтығына көз жеткізген соң, көңілі жай тауып, созылып жата кетеді. Жатқаны сол еді, төбеден тамшылап тұрған суға көзі түседі. Қанша жылдан бері тамшылап тұрғанын кім білсін, әйтсе де тамған жері ойылып қалғанын қарап таңырқап жатады. Бірден миына найзағай ұрғандай болып, осы құбылыстан өмірлік серпіліс алады. Қап-қатты тасты, жұмсақ судың тесіп жібергені сияқты, сабыр қылып, тұрақты оқып талпынатын болса, миына бірер нәрсе кірері сөзсіз еді. «Менің басым, мына тастан да қатты емес қой», – деді өзіне.

Маңыздысы осы су сияқты табандылық таныту еді. Дереу орнынан тұрып медресеге қайтады. Табандылық етуі арқылы достарына жетіп алады. Тіпті бәрін басып озғаны соншалық, кітаптары әлі күнге дейін оқылатын ғалым болады. Осы «су мен тастан» алған сабағына байланысты бұл ғалым «тастың ұлы» деген мағынадағы «Ибн Хажар» деп аталып кетеді.

bilim.all.kz сайтынан алынды

КЕРЕК КЕҢЕС

АЯҚ КИІМДІ ҚАЛАЙ ТАҢДАЙМЫЗ?

Сырт киім мен маусымдық аяқ киім – күз-қыс гардеробының негізін құраушылар. Қыздар таңдаудың көптігінен қандай аяқ киімді пальтомен немесе былғары күрткемен үйлестіру керегін білмей қалып жатады. Сізге де бұл проблема таныс болса, төмендегі кеңестерге көз жүгіртіңіз.

Базалық пальто мен дөрекі бәтеңке. Бұл маусымда брутализм трендте. Мәселен, стилистер сұр түсті базалық оверсайз пальтоны қара классикалық шалбар, водолазка және көлемді шоппермен үйлестіруге кеңес береді. Киім үлгісі барынша ыңғайлы болуы үшін оны табаны массивті аяқ киіммен толықтыр. Мысалы: челси немесе бауы бар етік. Сондай-ақ қонышы ұзын резеңке етіктер осы маусымда да өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ол да брутализм стиліне келеді. Онымен киім үлгісі стильді бола түседі және оны жаңбырлы немесе ылғал ауа райында киюге өте ыңғайлы.

Акцентті пальто және оның түсіне сәйкес келетін аяқ киім. Егер күзге торлы немесе жолақты принті бар акцентті пальто таңдасаңыз, оны сол түсті немесе қарама-қарсы түсті аяқ киіммен үйлестіріңіз. Ол трендтегі казаки немесе ұзын қонышты етік, былғарыдан немесе қатты матадан тігілген кроссовка болуы мүмкін.

Егер пальтоңыз қоңыр және жасыл түстерден болса, аяқ киім осы түстердегі немесе қара, қоңыр болуы мүмкін.

Көлемді мамық күрткелер мен массивті аяқ киімдер. Егер сәнді стреотиптерді бұзатын сәнқойлар қатарынан болсаңыз, мамық күртені биік өкшелі аяқ киімдермен үйлестіріңіз. Бұл әдісті өзіндік ерекше стилі бар Белла Хадид пен Рианна жиі қолданады. Бірақ егер күнделікті ыңғайлы киім үлгісін жасағыңыз келсе, көлемді мамық күрткені массивті аяқ киіммен киіңіз.

Былғары күртке мен классикалық кеды немесе лофер. Маусымдық гардеробты былғары күрткесіз елестету мүмкін емес. Бұл маусымда оның ұзындығы санға дейін жететін және денеге бос тұратын түрлері трендте болады. Олар капюшоны бар жайлы худилермен де, классикалық водолазкалармен де жақсы тұрады. Киім үлгісі стильді көріну үшін былғары күрткені кедымен киген дұрыс. Кедыдің кішкене қонышы бар түрі болса да жақсы. Ал егер классикалық киімдерді ұнатсаңыз, лоферлерге мән беріңіз. Лоферді шалбарлармен де, көйлектермен де оңай үйлестіре аласыз. Киім үлгісін ерекше ету үшін және жылыну үшін лоферді ұзын қара немесе ақ шұлықпен киюге болады.

Сырмалы күртке мен винтаж стиліндегі кроссовка. Егер винтаж сәніне деген тренд көңіліңізден шықса, осы күзде сырмалы күрткелерге мән беріңіз. Оны өзін сырт киім ретінде және пальтоның немесе тренчтің ішінен киюге болады. Қандай болмасын сырмалы күртке таңдасаңыз да, оны винтаж стиліндегі кроссовка жақсы толықтырады.

Классикалық тренч және балетка (лофер). Базалық қара немесе сарғыш тренчпен лофер аяқ киімі немесе балеткалар жақсы үйлеседі. Алайда классикалық тренчті спорттық үлгіде де кие бере аласыз.

massaget.kz сайтынан алынды.

СӨЗ ЖОҚ



Абай көшесі

Гауһар Ана көшесі

Бетті дайындаған А. НҰРЖАПАР

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші
Айдана СМАҒҰЛ – тілші

Кезекші редактор: А. СМАҒҰЛ.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 932
Индекс 15534